

ҚАЙРАТКЕР



4-бет

ҮКІМ БҮГІН
ОҚЫЛАДЫ...



8-бет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БАҚЫТТЫ ШАҢЫРАҚ – БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМНЫҢ МЫЗҒЫМАС ТІРЕГІ

Астанада отбасы институтын нығайту және рухани-адамгершілік отбасылық құндылықтарды дамыту мен насихаттауда ата-аналар қауымының белсенді рөлін арттыруға арналған «Ұрпақтар сабақтастығы» атты республикалық ата-аналар форумы өтті. Оған ата-аналар комитеттері мен қоғамдық ұйымдардың, мемлекеттік органдардың өкілдері мен сарапшылар қатысты. Форумға қатысушыларға Мемлекет басшысы құттықтау жолдады.

(Соңы 2-бетте)



ҰТЫСТАН
ҚҰР
ҚАЛМАҢЫЗ!



Біздің басылымдарға жазылып, ұтысты болыңыз!
Басты сыйлық – **АЙФОН 14 ПРО МАКС!**
Бұдан бөлек: Айфонның құлаққабы, сағаты, 2 REDMI NOTE 11 Pro ойнатылады. Сондай-ақ, қысқатолқынды пеш, шаңсорғыш, үтік секілді көптеген тұрмыстық техникалар бар. Бірқатар жүлдегер «Заң» медиа-корпорациясының қолдауымен жарыққа шыққан «ШЫТЫРМАН» шығармалар жинағына ие болады.

**ҰТЫСҚА ҚАТЫСУ
ҮШІН НЕ КЕРЕК?**
Ол үшін пошта бөлімшесіне барып:
«Заң газетіне» (индекс – 65921); «Юридическая газетаға» (индекс – 65928); «Заң» журналына (индекс – 75849); «Фемида» журналына (индекс – 75858) жыл соңына дейін жазылып, түбіртектің көшірмесін бізге жолдасаңыздар болғаны!
Екі басылымға жазылғандардың мүмкіндігі екі есе өседі!
ҰТЫС ИЕГЕРЛЕРІ
28 МАУСЫМ – журналистер күні анықталады.
Ал, іске сәт!



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Анар ФАЗЫЛЖАН,
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры:

«ТІЛСІЗ – ҒЫЛЫМ ДА, БІЛІМ ДЕ, ТАРИХ ТА, ӘДЕБИЕТ ТЕ ЖОҚ»

– Қоғамда ғылыми-зерттеу институттары елдің дамуына үлес қоса алмай отыр деген сын көп айтылады. Бұл қаншалықты негізді деп ойлайсыз?

– Сіз өте жақсы сұрақ қойдыңыз. Қоғамдық гуманитарлық салаға, соның ішінде тіл білімі, тарих, әдебиет, археология, шығыстану бағытында еңбектеніп жүрген ғалымдарға жаратылыстанушылар зерттеулеріңіздің маңызы жоғары емес, неге сіздерге сонша қаражат төленуі керек деген әңгіме айтқанын естіп қалатынымын. Әрине, бұл бірді-екілі болған жайт. Дегенмен, осылай ойлайтындар бар дегенді білдіреді. Бұл гуманитарлық ғылымдардың мәнін, қоғамға беретін пайдасын түсінбеуден туған пікір. Мен гуманитарлық ғылымдар ішінде тілтаным үшін жауап берейін. Қазір жаһандану заманы дейміз ғой. Жаһандану дегеніміз – мәдени және экономикалық құрмаласу. Біз интеграцияны құрмаласу деп алып жүрміз. Мұндай құрмаласу кезінде ұлттық мәдениеттер жаһандық бірегейлікке қарсы оппозиция құрады. Өйткені жаһандық бірегейлік адамзаттың барлығынан бір ғана сана иелерін, тұтынушылық қана санасы бар тобырды құруға әкеп соқтыруы әбден мүмкін.

(Соңы 5-бетте)

ПАРЛАМЕНТ

ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК БАСТЫ НАЗАРДА

Қаңтар оқиғалары еліміздің күштік құрылымдар жүйесінің, олардағы лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің кәсіби біліктіліктері мен міндеттеріне адалдықтары ғана емес, азаматтық ұстанымы мен патриоттық сезімі үшін сынақ әрі ащы сабақ болғаны даусыз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы жолдауында ұлттық қауіпсіздік жүйесін түбегейлі қайта құрудың маңызын атап көрсеткен болатын.

Бүгінгі таңда елімізде осы маңызды іске түрлен салынғаны белгілі болып отыр. Саланы қайта құрылымдау, қауіпсіздіктің жаңа талаптарын айқындау, оларды жүзеге асыратын кадрлар құрамын тазалап, біліктілік деңгейін көтеру, жауапкершілігін арттыру бағытында жүйелі жұмыстар басталған сияқты. Бұл ретте Мәжіліс депутаттары айрықша белсенділік танытып жатқаны белгілі болды. Халық қаулаулылары ұлттық қауіпсіздікті нығайтуда тиісті құқықтық базаны одан әрі жетілдірудің қазіргі жаңа геосаяси жағдайда да аса өзекті екенін ескеріп, «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және Қазақстанның арнаулы мемлекеттік органдарындағы қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасына бастамашы болыпты. Бұл құжат осы дүйсенбіде өткен Парламент Мәжілісінің

жалпы отырысында палатаның қарауына шығарылып, жан-жақты талқыланды.

Алқалы бас қосуда заң жобасын оның бастамашыларының бірі Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрайымы Айгүл Құспан қорғады. Айгүл Сайфоллақызының айтуынша, заң жобасында ұлттық қауіпсіздік қағидаттары біршама өзгерген. Бұл адам құқығы басымдығы принциптерін еш жоққа шығармайды, керісінше, оларды Конституцияға сәйкестендіретін болады. Заң жобасы бойынша 2 кодекс пен 11 заңға енгізілетін өзгерістер негізінен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін күштердің заманауи сынақтарға дайындығын арттыру, осыған қатысты заңнамадағы кейбір олқылықтарды жоюды көздейді. Бұл ретте бірінші кезекте қорғаныс-өнеркәсіп кешені ұйымдарын стратегиялық объектілерге жатқызу және қорға-

ныс пен қауіпсіздік мұқтажы үшін қажетті тауарлар мен қызметтерді сатып алу кезінде сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуге септігін тигізетін өлшемдер де қарастырылды. Айгүл Сайфоллақызының айтуынша, осыған орай мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындаушыны таңдау рәсімін тек конкурстық негізде және ашық жүргізу ұсынылды. Сонымен қатар, қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің кәсіпорындары жекешеленген күннің өзінде де мемлекеттік бақылауында қалдырылатын талап енгізілді.

Екінші жаңалық арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің қызметтік тәртібіне, біліктілігіне және әлеуметтік қорғалуына қатысты енгізілді. «Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы» заңның қолданыстағы редакциясында қызметтік тәртіпті сақтау міндеті басшыларға ғана жүктелген екен. Енді арнаулы мемлекеттік органдарда қызметтік тәртіп үшін жауапкершілікті тек жеке-дара бірінші басшыларға ғана емес, барша бөлімше басшыларына да жүктеу көзделіп отыр. Бұған қоса, барлық басшыларға ұлттық қауіпсіздік органдарының кадр құрамын патриоттық рухта тәрбиелеу және құқық бұзушылықтың алдын алу міндеті тапсырылмақ. Жеке құраммен жүргізілетін

бұл жұмыс ұлттық мәдениетке, дәстүрге, мемлекеттік тілді білуге, жауынгерлік рухты нығайтуға, ұжымдағы оңтайлы, адамгершілік моральдық-психологиялық ахуалды сақтауға бағытталатын болады.

Үшінші жаңалық діни экстремизмнің алдын алуды заңдық тұрғыдан реттеуді көздейді. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға лаңкестікке тойтарыс беру, оның салдарымен күресу ғана жүктелген. Оның діни аспектілері мүлдем қарастырылмаған. Айгүл Құспанның айтуынша, аталмыш шараларға қоса діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, оған қарсы ақпараттық жұмыс шараларын да естен шығармай, оларды жүйелі түрде жүргізу қажет. Осы себепті лаңкестікке қарсы комиссия шеңберінде жергілікті атқарушы органдарға – діни экстремизмнің алдын алуды жүзеге асыру жөніндегі өкілеттік берілуі тиіс. Ал Лаңкестікке қарсы орталық осы жұмыстарды үйлестіріп, оған бас-көз болуы қажет. Заң жобасын дайындауға барлық мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері қатыстырылып, олардың ескертулері мен нақты ұсыныстары ескеріліпті.

(Соңы 2-бетте)

БАҚЫТТЫ ШАҢЫРАҚ – БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМНЫҢ МЫЗҒЫМАС ТІРЕГІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Бақытты әрі берік шаңырақ – берекелі қоғамның және мемлекеттің мызғымас тірегі. Отаншылдық пен жауапкершілік, парасаттылық пен ізеттілік, еңбекқорлық пен жасампаздық сияқты асыл қасиеттер ең жақын жандардың үлгі-өнегесі мен ықпалының арқасында қалыптасады. Ізгілік идеалдары мен қағидаларына негізделген тұлға дүниетанымы ата-ана тәрбиесінен бастау алады. Халқымыз қашанда шыққан тегінді білуге және отбасы құндылықтарын ұлықтауға айрықша мән берген. Бүгінде бұл қасиеттер ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру ісінде маңызды рөл атқарады. Отбасы институтын нығайту және ескелең ұрпақтың жан-жақты дамуына жағдай жасау – мемлекет пен қоғамның міндеті. Ана мен баланы қорғау – біздің саясатымыздың басым бағыттарының бірі. Отбасы құндылықтарын сақтауға және дәріптеуге ата-аналар қауымы да зор үлес қосып келеді. Сіздер әрбір перзенттің тағдырына алаңдап, Отанымыздың болашағын ойлап, шынайы жанашырлық танытып жүрсіздер. Сіздерге және барша отандасымызға амандық, бақ-береке тілеймін! Жасампаздыққа толы игі істеріңіз табысты болсын!» – деді ҚР Президенті Қ.Тоқаев.

Президент Әкімшілігі басшысының орынбасары, Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның төрағасы Аида Балаеваның айтуынша, 2022 жылы елімізде көмелетке толмағандар арасында суицидтің 155 және өз-өзіне қол жұмсаудың 309 фактісі тіркелді. Ал 2023 жылдың 4 айында – көмелетке толмағандар арасында өз-өзіне қол жұмсаудың 47 фактісі және өзіне қол жұмсауға оқталудың 137 фактісі болған. Ата-аналар балаларын дәстүрлі емес діни секталар мен топтарға тарту фактілері де жиілеп барады. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (ҰҚК) мәліметі бойынша, қазіргі таңда елімізде ата-анасы деструктивті діни көзқарасты ұстанатын 2383 бала тұрады.

– Жыл басынан бері әлеуметтік желілерде ұрып-соғу, жаппай төбелес, жоғары сынып оқушылары мен жастар арасындағы жанжалдар бар бейне роликтер қаптап кетті. Өскеменде сауда орталықтарының бірінде оқушы қызды ұрып-соққан атышулы оқиға болды. Семей қаласының елді мекендерінде де оқушы қыздарға қатысты осындай оқиғалар тіркелді. Жалпы, жастар арасында ерекше қатыгездікке бой алдырған оқиғалардың көбеюін атап өткен жөн. Соның нәтижесінде бүгінгі күнгі мәлімет бойынша ІІБ есепте 3 924 бала тұрса, 6 278 бала мектеп есебінде тұр, – деді Ұлттық комиссия төрағасы.

Президент Әкімшілігі басшысы орынбасарының сөзіне қарағанда, ІІМ жыл басынан бері 5 мыңнан астам шетелдік заңсыз интернет-ресурстарды, оның ішінде порнографиялық материалдарды таратып келген 500-ден астам ресурсты анықтады. Былтыр уәкілетті органның ұсыныстары бойынша интернет-ресурстардың меншік иелері мен әкімшіліктері 65 мыңға жуық құқыққа қарсы материалдарды жою жөнінде шаралар қабылдаған еді. Оның 53 мыңнан

астамы – терроризм, діни және этникалық экстремизм идеологиясын таратқаны үшін, 2 мыңға жуығы – есірткі және психотроптық заттарды насихаттағаны үшін, 4 мыңнан астамы – порнография, қатыгездік пен суицидке итермелеу фактісі үшін, 700-ден астамы – «ойын бизнесі туралы» заңды бұзғаны үшін, мыңға жуығы – қаржы пирамидалары бойынша.

«Баламды не алаңдатады?», «Мен оны білемін бе?», «Ол маған сене ме?». Көптеген ата-аналар осы және басқа да жүздеген қарапайым сұрақтарға жауап бере алмайды. Әйтпесе, балалар мен жастардың тағдыры осыншама талқан болар ма еді? деп ортаға сауал тастаған А. Балаева мемлекеттік органдардың рөлі мен олардың жастармен жұмысының сапасын да назардан тыс қалдырмады.

– Жоғарыда аталған мәселелер мемлекеттік органдардың жастар арасында идеологиялық жұмыстың жоқтығын немесе нашарлығын да көрсетеді. Жергілікті органдардың, атап айтқанда, жастар саясаты басқармалары жұмысының тиімділігіне қатысты да белгілі сұрақтар туындайды, олардың қызметі көбінесе дөңгелек үстелдер ұйымдастыруға және іс жүзінде көмекке мұқтаж емес жастардың белсенді бөлігімен жұмыс істеуге бағытталған. Бірақ негізгі жастар қауымымен тыңғылықты жұмысқа жеткілікті көңіл бөлінбейді. Біз балаларымыздың негізгі ақпаратты көшеден іздейтінін, түрлі азғырулар мен деструктивті әрекеттердің ықпалына ілігіп, мыңдаған жасөспірімнің нәліктен өмірімен қоштасқысы келетін себептерін жүйелі түрде зерделеуіміз керек, – деді Президент Әкімшілігі басшысының орынбасары, Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның төрағасы.

Форумның модераторы болған Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев та өз сөзінде: «Балалар ата-анасының үлгісімен тәрбиеленеді. Мектеп технологиялық сын-қатерлер жағдайында балалардың мүдделерін мен құқықтарын қорғауға бағытталған оқу процесіне ата-аналардың, қоғамдық ұйымдардың қатысуының жоғары әлеуетін пайдалануы керек» дегенді айтты. Онда қатысушылар бала тәрбиесінде отбасы мен мектеп арасындағы байланысты нығайту, балалардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін қоғамдық ұйымдардың, ата-аналар қауымының, мемлекеттік органдардың күш-жігерін біріктіру қажеттігі туралы бірауыздан пікірлерін білдірді. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлер мен рухани құндылықтар негізінде отбасылық келісімге қол жеткізу, балаларды адамгершілікке тәрбиелеу жауапты ата-ананың қатысуынсыз мүмкін емес.

«Мектеп және ата-ана», «Ата-ана және қоғам», «Ата-аналар мен бала денсаулығы», «Ата-аналар мен балалардың қауіпсіздігі», «Ата-аналар мен балаларды әлеуметтік қолдау», «Ата-аналар мен балалардың цифрлық мәдениеті» тақырыптарында 6 бағыт бойынша өткен секциялардың қорытындысы бойынша форумның соңында арнайы қарар қабылдан-ды.

Ж.ҚҰРМАНБАЙ

Қоғамда құқықтық білім мен мәдениетті арттыруға атсалысу заңгерлер қауымына жүктелер басты міндеттердің бірі. Осы мақсатта мақаламызда меншік құқығын иеленуге қатысты мәселелерге қысқаша тоқталып өтеміз.

Мәселен, өркениетті елдер меншік құқығын қорғауға баса мән береді. Өйткені, меншік адамзат қоғамындағы мәнді құбылыс, ол адамның өмір сүруінің негізі. Біздің мемлекетімізде де меншік құқығын қорғау заңдылығы әлемдік стандарттарға сай белгіленген. Осыған орай, айтар болсақ, заң талаптары бұзылған жағдайда адамды жеке мүлкінен айыруға соттың шешімімен ғана жол беріледі.

Қазақстан соттарында ешкімге артықшылық берілмейді, екі жақ та өз ұстанымдарын тең түрде қорғайды. Сонымен қатар, тараптардың әрқайсысының дәлелдемелер, өтініштер беру, куәларды шақыру сынды құқықтары қатаң сақталады. Бұл еліміздің бас заңы Конституциямен бекітілген. Соған сәйкес, дауды заң талаптарымен әділ шешіп, бұзылған құқықты қалпына келтіру соттардың басты міндеті.

Жекеменшік мүлікті пайдалану, қол сұғылған меншікті қайтару немесе өндіру

тәртіптері, сонымен бірге заңсыз пайдалану, тұрғын үйге меншік құқығын алу мен жүзеге асыруға байланысты қатынастар азаматтық заңмен реттелген. Заңдарымыз жеке меншікте болатын мүліктің саны мен құнына шек қоймайды. Кез келген меншік иесі өзінің меншік құқығын тануды талап ете алады.

Бүгінде меншік құқығына байланысты соттарға түсетін талаптар аз емес. Мысалы, бұл тұрғыда тұрғын үйді иеленуде оған меншік құқығына, сату немесе сатып алу мәмілелеріне, тұрғын үйден мәжбүрлеп шығаруға,



ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК БАСТЫ НАЗАРДА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Талқылау барысында депутаттар жаңа құжаттың дер кезінде дайындалып отырғанын, ондағы қамтылған мәселелердің маңыздылығын атап көрсетті. Сонымен қатар, саладағы өзге де өзекті мәселелерді ортаға салып, құжатта қамтылған кейбір өлшемдердің жүзеге асу мүмкіндіктерін, тиімділіктерін нақтылап сұрады. Мәселен депутат Марат Бәшімов ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде командирлер, кіші және орта буынды әскерилердің бастамашыл, дербестігі жоғары, батыл болуының, қабылданған шешім үшін жауапкершілікті сезіне білуінің маңыздылығын айта келіп, былтырғы қайғылы оқиға барысында ұлттық қауіпсіздік комитетінің көптеген қызметкерлері, соның ішінде басшылық буынның аталған талаптар үдесінен шыға алмай, тіпті кейбірінің қылмыстық әрекеттерге араласқанын ортаға салды. Ұлттық қауіпсіздік комитеті құрамын осындай қызметкерлерден арылту, кадрлардың сапасы мен жауапкершілігін көтеру мақсатында қандай жұмыстар атқарылып жатқанын сұрады. Тиісті ұйымның берген жауабынан Ұлттық қауіпсіздік комитетінде қаңтар оқиғасы бойынша кешенде түрде қызметтік тергеу-тексеру жұмыстары жүргізіліп, бүгінгі таңда ондағы 11 қызметкердің қылмыстық жауапкершілікке тартылғанын білдік. Осыған орай бұйрықтық талаптарға және оның қызметке енгізу тәртібіне лауазымды тұлғалардың жауапкершілігіне қатысты маңызды өзгертулер енгізіліпті. Ал, қаралып отырған заң жобасында патриоттық тәрбиеге ерекше басымдық беріліп отыр. Онда сонымен қатар әрбір лауазымды тұлғаның яғни, әскери, арнайы және қатардағы қызметкерлер іс-әректің алгоритмі айқындалыпты.

Депутат Дәулет Тұрлыхановтың сауалына берілген жауаптан мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындаушыларды таңдаудың ашықтығын және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға бағытталған шаралар белгілі болды. Қаралып отырған заң жобасында бұл мәселе арнайы баппен айқындалыпты. Өйткені, мемлекеттік қорғаныс тапсырысын бөлу кезінде кәсіпорындардың құқы мен заңды мүдделері бұзылып жатады. Тұрлыханов мырзаның айтуынша, осыған қатысты құзыретті орындарға шағымдар да жиі жасалып жатады екен. Бұған қолданыстағы ережелерге сәйкес тапсырыс беруші, яғни Қорғаныс министрлігі шекара

қызметі немесе ұлттық ұланның техникалық тапсырысы отандық кәсіпорындар арасында таратылмауы ықпал еткен сияқты. Қаралып отырған заң жобасында осы олқылық ескеріліп, қорғаныс тапсырыстарын орындауға отандық кәсіпорындарды тарту көзделді. Олар орындай алмайтын тапсырыстар бойынша ғана арнаулы сарапамалық ұйымның қорытындысынан кейін шетелдік орындаушылар іздестіріледі. Екіншіден орындаушылардың ішіндегі ең төменгі баға ұсынушыларға ғана тапсырыстар беріледі. Сонымен қатар мемлекеттік қорғаныс тапсырыс мерзімі қазіргі

уақытта 2,5 жылды алса, енді бір жылға дейін қысқартылады. Өз кезегінде мемлекеттік қорғаныс тапсырысты қалыптастыру және орындау тәртібі толықтай автоматтандырылмақ. Бірақ бұл құпиялылықты қамтамасыз етуді қажет ететіндіктен біраз уақытты алады. Қазіргі уақытта мүдделі құзырлы орындармен келісу шаралары жүргізіліп жатыр.

Депутат Азамат Сатыбалдин шекарадан өту кезінде туындайтын жанжалдар жайына назар аудартып, оларды шекара қызметкерлерінің де, азаматтардың да шекара қызметкерлерінің өкілеттігі жайлы ақпараттың аздығының салдары деген ойын ортаға салған еді. Бұған қатысты да қаралып отырған құжатта нақты талаптар белгіленіпті. Айгүл Сайфоллақызының айтуынша, бүгінгі күнге дейін шекараның әскери қызметшісінің мінез-құлқы стандарты заң жүзінде реттелмепті. Енді осындай ережелер жасалып, оны дербес нормативтік құқықтық акт ретінде Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы өзінің бұйрығымен бекітетін болады. Бұл стандартта шекарашының мінез-құлқы тәртібі, азаматтар және туристермен қарым-қатынасының өлшемдері жан-жақты қарастырылады.

Жиында көтерілген мәселенің бірі ұлттық қауіпсіздік қызметкерлері арасында тарап кеткен құмар ойындарға құштарлық болды. Депутаттарға осы жайлы хаттар көп келеді екен. Құмар ойындарының ішінде лудоманияға бейімдік ұлттық қауіпсіздік саласына қатысты арнайы мектеп оқушыларының арасында етек алып тұрғанға ұқсайды. Қызметкерлер арасында да оның құрығына ілінгендер кездесіп қалады. Депутат Руслан Берденовтың айтуынша, бұл өте күрделі мәселе. Сондықтан оған айрықша назар аударып, жедел түрде тосақауыл қою, алдын алу шаралары жүзеге асуы керек. Соңғысына қатысты тиісті бақылау-қадағалау шараларын жүргізіп, қызметке алу, оқуға қабылдану кезінде үмтікерлер мен талапкерлерді тұрақты түрде жалғандық детектрінмен өткізу қажет. Құзырлы орын өкілі бұл мәселенің өзектілігімен келісіп, қолдан келгенінше бұл келеңсіздікпен күресетіндіктерін мәлімдеді.

Осындай ескертпелермен құжат бірінші оқылымда қабылданып, қайта пысықталуға тиісті комитетке жіберілді.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫН ИЕЛЕНУДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖОҒАРЫ



жекешелендіруге, сондай-ақ, ортақ және мұрагерлік мүліктерді бөлуге, мүлікке тыйым салуға, т.б. жағдайларға байланысты талап қоюларды атауға болады.

Жылжымайтын мүлікке меншік құқығын тану туралы талаптардың туындауына көп жағдайда азаматтардың тұрғын үй құжаттарын дер уақытында заңдастырмауы немесе толықтай рәсімдемеуі себеп болады. Олар уақытты өткізіп алу түрлі келеңсіздікке соқтыратынын ескере бермейді. Мысалы, талапкер тұрғын үйге меншік құқығын заңдастырмай жүргенде заң талаптары немесе соған байланысты нормативтік құжаттар өзгеріп кетеді. Соның салдарынан жылжымайтын мүлік басқа адамның иелігіне өтіп кетуі мүмкін. Нәтижесінде дау туындайды.

Осы себепті, әрбір адам өзіне тиесілі мүліктің құжаттарына жауаптылықпен қарап, оған деген меншік құқығын дер кезінде рәсімдегендері жөн. Мысалы, «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңның 17-бабымен нақтыланғандай, тұрғын үйге меншік құқығы ол тіркеу органында тіркелген кезден бастап пайда болады. Көп

адам мұны қаперіне алмай, ауызша келісіммен үйге кіріп алады.

Кез келген ауруды асқындырмай, алдын алған абзал десек, бұл мәселе де сол сияқты. Дер кезінде құжаттамаға көңіл бөлу заңсыздыққа жол бермейді. Дау-дамай орын алған жағдайда ортақ келісімге келу, яғни, оны бітімгершілік жолымен шешу тиімді екенін айтқымыз келеді. Мұндай сәтте тараптар заң аясында тиісті келісім жасасу арқылы әу-ре-сарсаңсыз тығырықтан шыға алады.

Өзінің меншік құқығының бұзылмағанын қалайтын әрбір адам өзгенің меншік құқығына нұқсан келтірмеуі керек. Яғни, меншік иесі өз құқықтарын жүзеге асырған кезде азаматтардың денсаулығы мен айналадағы ортаға келтірілуі мүмкін зардаптарға жол бермеу шараларын қолдануға міндетті. Қоғамда туындайтын дау атаулының алдын алу немесе оны өркениетті түрде шешу арқылы әрбір азамат ел дамуына өлшеусіз үлес қоса алады. Бұл үшін құқықтық білім мен мәдениетті көтерудің маңызы зор.

Қуандық АКЕРОВ,
Ақтау қаласы №2
сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

Сымбат АРАЛБАЕВА, кәсіпкер:

«ДҰРЫС ТАҢДАЛҒАН КӘСІП АДАСТЫРМАЙДЫ»

Сымбат Аралбаева – 5 баласы бар ана, отбасының ұйытқысы. Ол бір қолымен бесігін, екінші қолымен кәсібін дөңгелентіп жүрген ару. Сымбат кәсіпке ұмтылған кез келген қыз-келіншекке үлгі. Оның «Өзің сен де, бастап кет» атты кітабы кәсіпті неден бастарын білмей жүрген көп жанға мотивация, жол нұсқаушы. Осындай іскер арумен сұхбатымыз жаймашуақ басталды. Сымбат көпбалалы болудың қиындығы мен қызығын, онымен қатар кәсіп бастаудың да тынымсыз еңбекті талап ететінін айтты.



– Сымбат, сіздің еңбек жолыңыз бүгінгі таңда көпке үлгі. Жалпы, кәсіпті неден, қалай бастадыңыз ?

– Мен кәсіпті 2006 жылы бастадым. Ол кезде үш балам болатын. Бала кезімнен әшекей-бұйымдарға қызыққандықтан, бірден осы саланы таңдаймын деп шештім. Кәсібіме алғашында көп ақша салмадым. Аз-аздан дамытып отырдым. Алматы қаласындағы ЦУМ-ның 3-этажынан бутик алып, ресейлік, қазақстандық өнімдерді сата бастадым. Одан кейін жәрмеңкелерге қатыстым. Уақыт өте келе Италиядан тауарлар алдырып, үлкен көлемдегі көрмелерге қатыса бастадым. Гонконгқа көрмеге барып, болашақ серіктестеріммен сол жерде таныстым. Италиялық әріптесіммен 2010 жылы келісімге қол қойып, сол көрмеден кейін бірігіп жұмыс жасай бастадық.

– Кәсіп жүргізудің қиындығы неде?

– Әр кәсіптің өз қиындығы бар. Оңай басталатын, оңай жүретін кәсіп жоқ деп ойлаймын. Ең бірінші, кәсіпті таңдаудың өзі бір мәселе. Дұрыс таңдалған кәсіп адастырмайды, қиындықтарының өзі де қызық болып көрінеді. Екіншіден, сапаны ұстап тұру. Сатылым қанша көп болса да, сапа тауардың құнына сай болып тұру керек. Үшіншіден, біз әшекей-бұйымдарды шетелден алдыртатындықтан, кеден мәселесі бойынша қиындықтар туындап отырады. Оның бәрін бүге-шүгесіне дейін жоспарлап, бақылап отыру керек.

– Көп балалы аналарға мемлекет тарапынан қандай қолдау бар? Оны аналар пайдалана алып отыр ма?

– Мемлекет біздің балалар он сегіз жасқа толғанша көмек береді. Үш балам он сегіз жасқа толғанша, қырық бес мың теңге көлемінде ақшалай алып отырдым.

Иә, көп нәрсеге жетпесе де, мемлекеттің осындай көмек беріп отырғанына ризамын. Біздің елде ана мен бала әрқашан мемлекет қорғауы мен қамқорлығында. Тегін медицина, тегін білім де балалар мен аналарға үлкен көмек. Жалпы, қазақстандық көп балалы аналарға барлық салада мүмкіндік пен жеңілдіктер бар.

– Көп балалы аналардың мемлекеттен көмек сұрап жататынын жиі көреміз. Оған көзқарасыңыз қандай?

– Көп балалы отбасылар елімізде өте көп. Оның ішінде жағдайы ортасы, жақсысы мен нашары да бар. Өзім тұрмысы төмен ондай отбасыларды білемін, көмектесіп те тұрамын. Бірақ көп балалы екенмін деп, мемлекеттен көмек сұрай беруден аулақпын, қолдамаймын да. Әрекет еткенге Алла береді. Көп балалы болу жұмыс жасауға қазіргі заманда кедергі емес.

Өзіне мақсат қойып, арманына ұмтылған адам шын тырысса, сол арманына жететініне кәміл сенемін. Көп балалы аналарға айтар жалғыз кеңесім, әрекет жасаудан, жаңа дүние бастаудан қорықпаса екен. Өзімнің авторлық кітабым бар, соның алғашқы беттерінде «Өзің сен де, бастап кет» деп айтқанмын.

Әйел қандай нәзік болса да оның бір бойында сондай мықтылық бар. Отбасының ұйытқысы, жаны бола отыра, кәсіп саласында жүрген әйелдер ертеңгі ұл-қызына да нағыз үлгі. Ана да, бала да бақытты болсын деп тілеймін. Әр адамның бақыты өз қолында. Кәсіп жасаудан, жаңа мүмкіндіктерді пайдаланудан қорықпау керек. Тәуекелшіл адам жетістікке жетеді.

Аружан МАУЛЕНБАЙ, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының 3-курс студенті

«Транспаренси Интернэшнл – Қазақстан» қоғамдық қоры 2022 жылғы 12 қаңтарда сыбайлас жемқорлық мәмілелері арқылы алынған активтерді мемлекет меншігіне қайтару мақсатында оларды айқындауға бағытталған қызметті жүзеге асыру қажет екенін мәлімдеген еді. Президент азаматтық қоғамның бастамасын қолдап, 2022 жылғы ақпанда Үкіметтің кеңейтілген отырысында заңсыз алынған және шетелге шығарылған активтерді қайтару жоспарын әзірлеуді тапсырды.

САРАПШЫЛАР ЗАҢСЫЗ АКТИВТЕРДІ ҚАЙТАРУ ҮДЕРІСІНЕ АЛАҢДАУЛЫ

5 маусымда қаржы қаражатын қайтару және экономикалық ресурстардың олигополиялық шоғырлануын анықтау мақсатында ведомствоаралық комиссия құрды. 26 қарашада Үкімет алдына 2023 жылғы 31 наурызға дейін заң жобасын әзірлеу және Парламент Мәжілісінің қарауына енгізуге тапсырма берді. Алайда, бұл заң жобасы әлі жарияланған жоқ. Ведомствоаралық комиссия қоғамға есеп бермейді және активтерді қайтару тақырыбы құпия болып отыр. Тіпті, комиссия туралы ереженің өзі таралуы шектеулі және тек қызметтік пайдалануға жатады.

«Транспаренси Интернэшнл – Қазақстан» қоғамдық қоры сарапшыларының айтуынша, олардың құқық қорғау органдары ұйымның ынтымақтастық туралы ұсыныстарын қабылдамаған. Экономика ауқымында жер телімдері түріндегі ұсақ мүлікті қайтару сыбайлас жемқорлық мәмілелері арқылы алынған активтерді мемлекет меншігіне қайтарудағы елеулі табыс болып табылмайды. Бұл Қазақстанның ЖІӨ мөлшерімен салыстырылатын активтерді қайтару туралы сөз болуы тиіс. Активтерді қайтару процесінің айналасында ашықтықтың болмауы Қазақстанның жыл сайынғы Транспаренси Интернэшнл сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексындағы ұстанымының одан әрі төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Активтерді қайтару Қазақстанның 2008 жылғы мамырда қосылған БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының негізгі қағидатын білдіреді. Конвенцияның кіріспесі мен 13-бабына сәйкес мемлекет азаматтық қоғаммен және үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтасуға тиіс, алайда іс жүзінде мемлекет ынтымақтастық жөніндегі бұл міндеттемелерді сақтамайды. Бұл міндеттемелер: азаматтық қоғаммен активтерді қайтару мәселелері бойынша ынтымақтастық; азаматтық қоғамның, үкіметтік емес ұйымдардың сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы күреске белсенді қатысуына жәрдемдесу; ашықтықты күшейту және халықты шешімдер қабылдау үдерісіне тартуға жәрдемдесу және қоғамдық ақпаратқа тиімді қол жеткізуді қамтамасыз ету.

«Транспаренси Интернэшнл-Қазақстан» сарапшыларының пайымдауынша, басқа елдердің тәжірибесі бойынша активтерді қайтару туралы заң жобасын талқылаудағы құпиялылық мынадай тәуекелдерді көтереді: Жекешелендіруді активтерді қайтару туралы заң әрекетінің әсерінен шығару арқылы әртүрлі олигархтардың, мұнай және металлургия алыптарының қол тигізбейтіндер тізімін жасау. Мұндай жекешелендіруге қол сұғылаушылық активтерді қайтарудың бүкіл үдерісін мағынасынан айырады. Өйткені, негізгі активтерді олигархиямен қабылдауы әдетте, мемлекет иелігінен алу арқылы жүзеге асырылады, бұл өз кезегінде жекешелендіру

арқылы жүзеге асырылады. Құқық қорғау органдарының нақты іс жүргізу талаптарынсыз күдіктілер тізілімінің болуы арқылы пара алу үшін заңға бағынатын жеке кәсіпкерлер арасынан қолайсыз адамдардың тізімін жасау. Сыбайлас жемқорлық істері жөніндегі жекелеген тәуелсіз органның және мамандандырылған соттардың қатысуымен активтерді қайтару үшін толыққанды құқықтық және институционалдық инфрақұрылымның болмауы. 2008 жылғы 4 мамырда Қазақстан ратификациялаған БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының 5-тарауын (активтерді қайтару) және активтерді қайтару жөніндегі жаһандық форумның 10 қағидатын қоса алғанда, активтерді қайтару саласындағы халықаралық міндеттемелер мен қағидаттардың сақталмауы. Қазақстанның мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзу фактілері, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, олардың лауазымды адамдарының заңдылықты бұзу фактілері, сол сияқты азаматтар мен ұйымдарға мемлекет беретін артықшылықтар, өтемақылар мен жеңілдіктер туралы мәліметтер құпияландыруға жатпайтынына қарамастан, активтерді қайтару жөніндегі деректерді заңсыз құпияландыру. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жеке сектордың мүлкін нақты іс жүргізу шектеулерінсіз экспроприациялауы. Сотқа дейінгі іс-әрекеттер үшін түсініксіз мәртебесі және бұлыңғыр жауапкершілігі бар қолданыстағы органның департаментіне жаңа қосымша өкілеттіктер беру жекелеген кәсіпорындардың қызметін шектеу ғана емес, сонымен қатар ел экономикасының өсуін ынталандыруға мүмкіндік береді. Өйткені, құқық қорғау органдарының бақыланбайтын белсенділігі «бақсыларды аулауға» айналады. Саяси амбициясы және іс жүзінде заңмен шектелмеген құқықтары бар елде көлеңкелі саяси ықпалдың жаңа тобының пайда болуы.

Жалпы, «Трансперенси Интернешнл» үкіметтердің есептілігін арттыру мен халықаралық және Ұлттық сыбайлас жемқорлықты болдырмауға арналған үкіметтік емес ұйым ретінде 1993 жылы құрылған болатын. Ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және сыбайлас жемқорлық деңгейін зерттеу жөніндегі әлемдегі ең ірі үкіметтік емес халықаралық ұйым. «Транспаренси Интернэшнл – Қазақстан» оның әлемнің 100 елінде аккредиттелген бөлімшелерінің бірі. Transparency International ұйымының 2022 жылғы сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексында (CPI) Қазақстан 180 елдің арасында 36 баллмен 103-орыннан көрінген болатын. Онда Дания бірінші (90 балл), 2-3 орында Финляндия мен Жаңа Зеландия (87 балл) тұр.

Е.КЕБЕКБАЙ, «Заң газеті»

Қылмыстың үлкен-кішісі болмайды. Сол секілді құқық бұзушылықтың да қандай түрі болмасын, зардабы ауыр. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық мәселесі тіпті ерекше қадағалауды қажет етеді. Бүгінгі жастар – елдің ертеңі. Олардың тәрбиесі – бүкіл ұлттың абыройы. Кәмелетке толмаған жасөспірімнің бүгінгі жасаған ұсақ құқық бұзушылығы ертең үлкен қылмысқа апармасына кім кепіл?!

Хакім Абай айтқандай, адамға мінез үш түрлі ортадан жұғады. Олар: ата-анасы, ұстазы, достары. Осылардың қайсысына жақын болса, сол адамға ұқсайды. Яғни, оқушылар арасындағы әлімжеттікпен күресу үшін олардың ортасын түзеу керек. Әрине, кез келген жағдайда ата-ананың тәрбиесі маңызды. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, құқық бұзушылық түзде, ата-ананың хабарынсыз, бақылаусыз болады. Сондықтан да, мектеп пен колледждегі білім алушыларға, жұмыс орындарында құқықтық теориялық білім керек. Кез келген нәрсенің алдын алу үшін оның шығу себебіне баса назар аударған жөн. Жасөспірімдер неліктен құқық бұзушылыққа барады? Осы сұраққа жауап іздеп көрелік. Оның себептерін 4-ке бөлуге болады.

Социологиялық фактор. Ол қоғамға, мәдениетке, ондағы құрылымдарға байланысты.

Психологиялық фактор. Ол жасөспірімнің мінез-құлқының ерекшелігіне, адамдармен қарым-қатынасына байланысты.

Биологиялық фактор. Оған физикалық элементтердің әсері жатады.

Социологиялық фактор. Бұл фак-

торға көбіне қоғам, орта деген секілді нәрселер әсер етеді. Оның өзін біз бірнеше бөлікке бөліп қарастыра аламыз. Байқағанымыздай, құқықбұзушылықтың көп бөлігі осы тараптың әсерінен болып жатады. Атап айтсақ: экономикалық-қоғамдық статусының төмен болуы; бұқаралық ақпарат құралдарындағы құқық бұзушылыққа әсер ететін материалдар; есірткі заттар және алкогольді өнімдер; достары мен құрдастарының әсер етуі; отбасында болатын келеңсіз жағдайлар жатады.

Сол себептен, құқық қорғау органдары, отбасылық тәрбиемен қатар, психологтың көмегі кәмелетке толмаған жасөспірімдерге ауадай қажет.

Мәселенің шешімін табу үшін арнайы маманмен де пікірлестік. Алматылық психолог Рахимова Әсел Қажымұқанқызы былай дейді: «Біздің қоғамда осындай құқық бұзушылықты жасаған жеткіншектер рухани білімге сусап тұр. Болашаққа деген нақты мақсаты жоқ. Ауыр құқық бұзушылықты жасағандардың шамамен алпыс пайызы мас күйінде болады. Соның салдарынан тіпті өзі де ойламаған құқық бұзушылық әрекеттерін жасап жатады.

ЖАСТАР - ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ

Яғни, жоғарыда айтылғандай кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу үшін мына тараптар бойынша жұмыс жасалуы шарт: ата-ана тәрбиесі; жасөспірімдердің ортасының дұрыстығы; психологтың олармен жұмыс жасауы; құқықтық теориялық білімдердің мектепте, колледжде, жұмыс орындарында (егер жұмыс жасайтын болса) айтылуы».

Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтың ең жиі орын алатын түрі – топтасып жасалған құқық бұзушылық. Тіркелген құқық бұзушылықтың сексен пайызы топтасу арқылы жасалады екен. Сондықтан топтасқан құқық бұзушылықтың алдын алу – басты міндет.

Байқап қарасақ, оқушылардың құқық бұзушылық істерін жалғыз өзі жасауы өте сирек кездеседі. Оның ересектердің арасында болатын әлімжеттіктен айырмашылығы да осында. Топтасу көбіне 3-4 адамнан тұрады. Әсіресе, түнгі уақытта балаларды назарына алмаудың салдары – әлімжеттік көрсету, есірткі саудасымен айналысу, қорқытып тартып алу секілді т. б. осындай құқық бұзушылыққа әкеп соғады.

Яғни, осы жағдайдағы құқық бұзушылықтың алдын алу үшін ең бірінші ата-ана тарапынан бақылау болса. Ол үшін тек үйде қамап ұстап, әр басқан қадамын аңдып отыру керек деп түсінбеу керек. Баламен ашық сөйлесу, оның пікіріне құрметпен қарап, тұлға екендігін сездіре алу да керек.

Заманауи технологиялардың дамыған заманы болғандықтан, жеткіншектердің ақыл-ой, санасына әлеуметтік желідегі дүниелердің де әсері болмайды деп айта алмаймыз. Сондықтан, баланың желіден кімді, нені көретіні, техникалық құралдарды қандай мақсатпен қолданып жүретіндігін білу аса қажет нәрсе.

Баланың бәрі бірдей емес. Бірі ерекше көңіл бөлуді қажет етсе, бірі құқық бұзушылыққа шынында да мүлдем жоламайды. Біздің қоғамда осы тараптан қателік кетіп жатқан сияқты. Себебі, әрбір мектепте, оқу орындарында «тәрбиесі қиын» баланың бар екендігі белгілі. Ал олармен бөлек жұмыс жасалыну қажет. Осындай жасөспірімдердің мінез-құлқын, ондағы келеңсіз тұстарды түсініп, психологиялық қырларын егжей-тегжейіне дейін бақылап, жұмыс жасау керек.

«Бүгінде бұл мәселені шешуде қандай міндеттер атқарылып жатыр?» – деген сұраққа маман: «Құқық қорғау органдарының тарапынан бүгінде көптеген іс-шаралар жүргізілуде. Қазақстанның заңы бойынша кәмелетке толмағандарға түнгі 22.00-ден кейін клубтарда (компьютерлік) жүруге тыйым салынған. Сонымен қатар, кешкі он бірден кейін, ата-анасыз көшеде жүруге болмайды. Десек те, осы ереженің қаншалықты орындалып жатқанына халықтың өзі куә. Бұдан не түйеміз? Баланың тәлім-тәрбиесі, өзіндік «мені», өмірге деген көзқарасы дұрыс болма-са, сыртқы тараптан болатын қысым

мен қадағалаудың әсері әрдайым он бола бермейді. Елімізде оқушылар арасында болатын құқық бұзушылықпен шұғылданатын арнайы комиссия бар. Тіпті, оған арнайы өкілеттіктер де берілген. Яғни, осы тараптан құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жұмыстар жүргізілуде» – дейді. Алайда тағы бір ескеретін нәрсе, құқықтық білім мен сауаттылықты балаларға ғана емес, олардың ата-анасына да түсіндіру керек. Өйткені, отбасындағы тәрбие мен қоғамдағы тәрбие теңдей берілген кезде ғана біз көздеген мақсатымызға жетеміз. Сондықтан бала тәрбиесі, оларға нені айта білу керек, не туралы айтау керек, өтпелі кезеңнен баланы қалай «шығару» керек деген сұрақтарды қамтитын арнайы бағдарламалар, клубтар жұмыс жасаса нұр үстіне нұр болар еді.

Қорыта айтқанда, қазіргі жасөспірімдердің құқық нормаларын сақтауы – ертеңгі қылмыстық істердің азаюына немесе мүлдем болмауына әсер етеді. Сондықтан да, әлімжеттіктің алдын алу – басты талап. Ал ол жасөспірімдерден де бұрын, ересектерге байланысты. Ересектер тарапынан болатын (мұғалім, психолог, ата-ана, оқытушы, т.б.) қадағалаулар оқушылар арасындағы әлімжеттікті барынша азайтады.

Аружан МАУЛЕНБАЙ, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының 3-курс студенті

ҚАЙРАТКЕР

Әр саланың өз қайраткері болады. Қазақстанның құқықтық, зайырлы жолы да осындай қайраткерлердің арқасында бекіді, жетілді, қалыптасты. Азаматтарының құқығын алдыңғы орынға шығарған демократиялық елге айналды. Осындай қиындығы көп, күрделі сүрлеуде білім-білігі жоғары, ізденісі мен жетістігі ұшан-теңіз ғалым-заңгерлер тұр. Олардың қатарында Есберген АЛАУХАНОВТЫҢ есімі ерекше аталады. Саналы ғұмырын қазақстандық заң ғылымының дамуына арнаған ұстаз-ғалым, академик бүгін 65 жасқа толып отыр.



Мерейлі жасы қарсаңында заңгердің өмір жолы мен өткеніне үңілсек, мамандыққа деген адалдықтың үлгісін көреміз. Құқықтық жүйенің дамуы мен қалыптасуына Алауханов орасан зор үлес қосты. Оның заң ғылымдарына сіңірген еңбегі елеулі. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Жазушылар және журналистер одақтарының мүшесі, заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының құрметті академигі, Халықаралық Еуразия телевизиясы және радиосы академиясының академигі және Халықаралық психологтар академиясының академигі, криминолог-ғалым атақ-дәрежелері осының айғағы. Бұл құрметтердің әрқайсысының артында Есберген Алаухановтың жастығы мен саналы ғұмырындағы ізденісті еңбектің әр жылдары, сағаттары мен сәті жатыр.

«Егін екпесең – жерге өкпелеме, еңбек етпесең – елге өкпелеме» деген тәмсіл Есберген Алаухановтың өмірлік ұстанымына айналды. Мектепті бітірісімен еңбек жолын Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, «Красная звезда» ауылында трактор бригадасының есепшісі болып бастады. Еңбекке ерте араласа жүріп оқу-білімнен көл үзген жоқ. Отандық және шетелдік басылымдармен қатар, «Литературная газета», «Новое время» журналынан бір сәт ажырамады. Ал мектепті бітірген соң Ленинград университетінің шығыстану факультетіне оқуға түсуі, 3-ші курстан әскер қатарына кетуі, осы жылдардағы ізденістері де өз алдына бір тарих. Е.Алауханов Ташкент мемлекеттік университетінің заң факультетін, Саратов жоғары милиция мектебін, Қазақ-түрік халықаралық университетінің экономика факультетін бітіріп, кейін Сарыағаш аудандық халық сотында сот мәжілісінің хатшысы қызметін атқарып, құқық қорғау саласына бет бұрды. Аудандық мекемелерде заңгер, тергеуші, ҚР Әділет министрінің кеңесшісі болды. Сарыағаш аудандық халық сотының төрағасы, Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының қылмыстық істер алқасының төрағасы, Шығыс Қазақстан облысы әділет басқармасы бастығы, осы облыстың және Маңғыстау облысының қаржы полициясының бастығы, Халықаралық Қазақстан криминологиялық клубының президенті, ҚР Жоғары соты ғылыми-консультативтік кеңесінің мүшесі тәрізді жауапты қызметтерді абыроймен атқарды.

Есберген қатардағы еңбеккерден мемлекеттік деңгейдегі лауазымды қызметтерге дейін өсіп, елдің жүгін арқалап, ұлттың мүддесі үшін аса үлкен жауапкершілікпен нақты жұмыстар істеді. Тіл, тарих, мәдениет мәселелеріне атсалысуды тек қызметтік қана емес, сонымен бірге өзінің азаматтық парызы, борышы деп ұғынып, тұрақты түрде әлеуметтің рухани сұранысына қажетті мәдени ортадан да табыла білді. Мәселен, Алаухановтың мемлекеттік қызметте жүріп, қоғамдық негізде Шығыс Қазақстан облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасына сайлануы да рухани ортадан ешқашан қол үзбегенін көрсетеді. Заңгердің ұйымдастыруымен 2003 жылы ақпан айында Өскемен қаласында Қазақстан және шетел ғалымдарының қатысуымен «Мемлекеттік тілдің даму барысы туралы» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Алыс-жақын шетел мамандарының және отандық қайраткерлердің басын қосқан дүбірлі жиында мемлекеттік тілдің өзекті мәселелері ортаға салынды, нақты іс-шаралар жоспары қабылданды. Бұл қайраткердің ұлт мүддесін, ұлт мәсе-

лесін бәрінен биік қоятынын дәлелдейді.

Алауханов ұстазы, академик Салық Зимановтың да шығармашылығы мен өнегелі жолын дәріптеп, мол мұрасын халыққа қолжетімді етуге елеулі үлес қосты. Академиктің 95 жасқа толуына байланысты Астана қаласында «Академик Зиманов – ғалым, азамат және ғылым абызы» атты тақырыпта өткен дөңгелек үстелдің ұйымдастырушысы, әрі жүргізушісі болды. Бұл игі шаралар қоғамдық негізде, ешкімге салмақ салмай, өзінің демеушілігімен жүзеге асырылғанын айтқан жөн.

Ақпарат кеңістігіндегі журналист һәм жазушы Есберген Оразұлының қазақ руханиятынан алар орны айрықша. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетінің деканы ретінде ақпарат саласының мамандарын тәрбиелеуде де еңбегі зор. «Қазақстанның ғылыми мен өмірі» халықаралық журналының, бас редакторы ретінде жас мамандардың кәсіби біліктіліктерін арттыру жолындағы еңбегі өз алдына бір төбе.

Осы ретте, Есберген Алаухановтың ғылыми жетекшілігімен 5 докторлық және 20-дан астам кандидаттық диссертациялар қорғалғанын атап өткен жөн. Есберген Алауханов 300-ден астам ғылыми жұмыстардың, оның ішінде 20-дан аса монография мен ондаған оқулықтардың авторы. Есберген Оразұлының бірқатар еңбектері, атап айтқанда: 2005 жылы монографиялары және «Криминология» оқулықтары Санкт-Петербург, Москва қалаларында жарық көрді. Жалпы, Есберген Оразұлының ғылыми еңбектерінің түйіні «заңнан қорыққаннан ғана емес, заңды сыйлағаннан қылмыс жасамайтын деңгейге жетсек, онда атымыздың алысқа шабары сөзсіз» дегенге саяды.

Негізі ол не нәрсені болса да қайнаған өмірдің өзінен алады, көңіліне түйгенін жазады, өзгелердің азаматтығын паш етеді. Өзіне ғана тән ізденістердің нәтижесінде Есберген Алауханов «Ажалдың түсі», «Қасиетті мекендегі қала» және өзге де көркем шығармалары мен таңдамалы аудармаларын өмірге әкеліп, өзінің оқырмандарының ықыласын иеленді. Әсіресе, қазақ заңдарының алыбы, кезінде Қаныш Сәтбаевтың сүйікті шәкірті атанған, мемлекет және қоғам қайраткері, атақты академик Салық Зиманов туралы «Ғылымдағы ғасыр абызы» атты жинағын зиялы қауым өте жылы қабылдады.

Есберген Оразұлының әрбір сөзі, әрбір баяндамасы, мақалалары қазақ мемлекетінің нығаюын, ішіміздегі тұрақтылықтың сақталуын, мүдделер мен құқықтардың бұзылмауын мақсат тұтады. Сондықтан ол еліміздің ішкі және сыртқы саясатын үнемі қолдап отырады.

Алпыстан асқан асқаралы биігінде де тек жасампаздық идеялардың таратушысы, әрі насихаттаушы қалпын сақтап келеді. Алауханов үшін ең басты құндылық – халықтың сенімінен шығу. 1999 жылы № 57 Сарыағаш сайлау округы бойынша ҚР Парламенті Мәжілісіне депутаттыққа ұсынылуы, «Құрмет» ордені, «Ерен еңбегі үшін», «ҚР Конституциясына 10 жыл», «ҚР Конституциясына 20 жыл» медалдарының иегері атануы Есберген Алаухановтың сол сенімді толық ақтап отырғанының жарқын көрінісі екенін атап өткен жөн.

Жетпістің ауылына қарай керуен тартқан көшіңіз көлікті болсын дейміз қадірлі ғалым, ардақты азаматқа.

Ж.ҚҰРМАНБАЙ

ТАРАЗЫ

Азаматтық кодекстің 1072-2-бабына сай мұрагерлік ашылған күннен бастап алты ай ішінде қабылданады. Белгіленген алты ай мерзімін өткізіп алған жағдайда, ол тек сот тәртібімен қалпына келтіріледі.

МҰРАНЫ ҚАБЫЛДАУ: ӨТКІЗІЛГЕН МЕРЗІМДІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

Мұрагерлік дауларды шешу кезінде мұра ашылған күні қолданыста болған заңдарды басшылыққа алуға тиіс.

Азаматтық кодекстің 1042-бабының негізінде, мұра азаматтың қайтыс болуы немесе оны қайтыс болды деп жариялау салдарынан ашылады. Мұра қалдырушының қайтыс болған күні, ал оны қайтыс болған деп жариялаған кезде, егер сот шешімінде басқа күн көрсетілмесе, азаматты қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі күшіне енген күн мұраның ашылу уақыты бо-

лып табылады. Осы санаттағы істер бойынша 1964 жылғы 1 шілдеден бастап енгізілген Қазақ КСР Азаматтық кодексінің, 1999 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілген ҚР Азаматтық кодексінің нормалары қолдануға жатады.

АК-нің 1072-3-бабына сай, егер мұрагер мұраны қабылдау үшін белгіленген мерзімді (1072-2-бабы) дәлелді себептер бойынша өткізіп алған болса, сотқа жүгінген жағдайда осы мерзімді өткізіп алған мұрагердің өтініші бойынша

сот бұл мерзімді қалпына келтіре алады және мұрагер мұраны қабылдады деп тани алады.

Іске қатысатын адамдар тобын және анықтауға жататын мән-жайларды дұрыс анықтау үшін мүдделі тұлғаларды тарту қажет (нотариус және басқа мұрагерлер).

Істі қарау кезінде өткізіп алу себептерінің дәлелділігін мұқият тексеру тиіс. Шешімнің уәждеу бөлігінде әр жағдайда мерзімді өткізіп жіберуге қатысты дәлелдерін жеке-жеке ашып көрсету керек.

Арыз қанағаттандырылған кезде сот шешімінің қарар бөлігінде мерзімді қалпына келтіру және мұрагерді мұраны қабылдаған деп көрсетеді.

Өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру туралы сот шешімі нотариустың мұрагерлік құқығы туралы куәлік беруі үшін негіз болып табылады.

А.ТЕБЕРИКОВА,
Тасқала аудандық сотының төрағасы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

МЕМЛЕКЕТ АЙНАСЫ

Мемлекеттік қызметкер жемқорлықтан биік тұруы керек. Мемлекеттік қызметтің жауаптылығы қандай жоғары болса, бұл салада еңбек етіп жүрген қызметкерлерге жүктелетін міндет те ауқымды. Себебі, мемлекеттік қызметкер – мемлекеттің айнасы.

Олардың өз мамандығын жетік меңгеруіне, қызметін сапалы атқаруына, адамдармен жақсы қарым-қатынас орнатуына қарап мемлекеттік қызметке баға беріледі. Қызметкер тәуліктің 24 сағатында қоғамның назарында екенін ұмытпауы керек. Себебі, бір мемлекеттік қызметкердің ойсыз әрекеті, теріс қадамы бүкіл саланың жұмысын жоққа шығарып қоймай, тұтастай елдің имиджіне нұқсан келтіреді. Әсіресе, сыйбайлас жемқорлыққа байланысты күмәнді әрекеттерден мемлекеттік қызметші биік тұруы тиіс. Мұны ел Президенті әр жолдауында шегелеп тапсыруда. Сондай-ақ, «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл» туралы заң мен стратегиялық бағдарламалардың дені кеселдің алдын алуға бағытталған. Адам жемқор боп тұмайды. Тек оның санасын жегіқұрт тәуекелдеріне қарсы тұратындай

Бахытан БАКИРБАЕВ,
Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы



етіп тәрбиелеудің алғашқы сатысы отбасынан бастау алады. Сонымен қатар, бүгінде барлық мемлекеттік қызмет ашықтық, жариялылық, қолжетімділік принципімен жұмыс істейді. Соның арқасында қызметтің көбі онлайн режиміне көшіп, анықтама, құжат, сұраныстарды қашықтан алуға басымдық берілуде. Бұл адами факторды азайтып, жемқорлыққа тосқауыл қоюдың төте жолы.

АДАЛ ТАБЫС АДАМ ЖАНЫНА ТЫНЫШТЫҚ СЫЙЛАЙДЫ

Заңға да, өмірлік заңдылықтарға да бағынғысы келмей, өз пайдасын ғана ойлайтындар қоғам мүддесіне нұқсан келтіріп, мемлекеттік биліктің беделін төмендетіп жүр. Олай дейтініміз, бүгінде жоғары билікке ұмтылған адамдардың кейбірі мемлекет мүддесінен гөрі өз пайдасын көбірек ойлайтынын қоғамда болып жатқан оқиғалардан біліп жүрміз.

Өз пайдасын ойлайтын адамдар небір түрлі құйтырқы әрекеттерге барып, өзінің жеке басы үшін лауазымын теріс пайдаланып бюджет қаржысын оңды-солды шашып заңсыздыққа баратыны жасырын емес.

Көптеген елдердің тәжірибесі осы кеселмен күрес процесінде адамдардың пайдакүнмеді, қанағатсыздық, көре алмаушылық, арсыздық сияқты әрекеттерімен жиі ұшырасатындығын байқатып отыр.

Бүгінгі таңда лауазымды адамдар өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдаланып, пайдакүнмедік мақсаттары үшін сыйбайлас жемқорлық құқық

бұзушылыққа жол беруде. Осының салдарынан сыйбайластық мемлекеттің дамуына нұқсан келтіріп, мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың құқықтары мен мүдделерінің бұзылуына түрткі болуда.

Жемқорлыққа қарсы күресте барлық адамдар заң мен сот алдында тең. Жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыйбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын алу, оған қарсы тұру бағытында барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды



адамдар өз құзыреті шегінде күрес жүргізуге міндетті. Жемқорлыққа қарсы тұру әр адамның парызы, ал адал еңбек, адал табыс адамға тыныштық береді. «Әділдік жоқ жерде пара белең алады», «Дүние-байлық неге керек, денсаулығың болмаса, төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз сот саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің бағдары іспеттес.

Зияш ЗАЙНУЛЛИНА,
Бөкей орда аудандық соты әкімшісінің басшысы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондықтан кез келген ұлт өз рухани дүниесін, салт-санасын сақтап қалу үшін осы үдерістерге қарсы жұмылады. Бұл үдерістер пост-кеңестік елдерде ғана емес, барлық жерде жүріп жатыр. Мемлекетті құрып отырған ұлттың ерекшелігін, дәстүрін, салтын, дүниетанымын, тілін, дінін, ділін сақтап қалуға күш жұмсалып жатыр. Гуманитарлық ғылымдар осы құндылықтарды зерттеп, реттеп, жүйелеп, қоғамның рухани бағдарын анықтап, қоғамдық ахлақтық саламаттығын сақтап отыруға бағытталған. Ахлақтық (ахлақ – мораль) саламаттық деген не? Бұл қоғамның рухани саламаттығының өзегі. Қоғам рухани тұрғыдан саламатты болмаса, онда ол түбінде құриды, өйткені тұтынушылық санамен ғана өмір сүретін қоғам ненің жақсы, ненің жаман екенін ажырата алмайды. Ол қоғамдағы адам түптің түбінде өмірге не үшін келгенін түсіне алмай қалады. Адамның дүние туралы танымын да, сол сияқты ахлағын да қалыптастыратын ұлттың ғасырлар бойы жинақтап, ұрпақтан-ұрпаққа



Анар ФАЗЫЛЖАН, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры:

«ТІЛСІЗ – ҒЫЛЫМ ДА, БІЛІМ ДЕ, ТАРИХ ТА, ӘДЕБИЕТ ТЕ ЖОҚ»

модернизациялап жеткізіп отырған құндылықтар жүйесі. Олар стереотиптер мен өзін ұстау нормалары арқылы қалыпқа салынады, ғасырлар бойы ұмытылмай, әр ұрпақ санасында бұларды жаңғыртатын әмбебеп құрал – тіл ғана. Бұлардың бәрі түгел тілде сақталады. Тілсіз кез келген ұлтта ғылым да, білім де, тарих та, әдебиет те жоқ. Жаратылыстану ғылымдарының ешбір саласы тілсіз дамымайды.

Қазіргі кезде қазақ тіл білімін жүйелі дамытуға жауап беретін әлемдегі жалғыз ғылыми мекеме – Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. Мұндағы зерттеушілер тілді, онда болып жатқан құбылыстарды тіркеуге, жүйелеуге, стандарттауға, нормалауға, қоғамның өзгерісіне қарай тілдегі трансформацияларды анықтауға, жаңа тенденцияларды байқауға және оның бағытын дұрыс жаққа қарай бұрып отыруға бар кәсіби күшін жұмсайды, соған маманданған.

– Ғылым мен технология қарыштап дамып жатқан уақытта өз тілінің ұлттық корпусын жасап, оны түрлендіре бастаған мемлекеттердің әлемде аты озып тұр. Бұл бағыттағы жұмыстар бізде қалай жүріп жатыр?

– Бізде де Қазақ тілінің ұлттық корпусы деген электрондық ресурс бар. Ол 31 млн-нан астам сөз қолданыстан тұратын қазақ тілінің 5 негізгі стилі бойынша жүйелі түрде жинақталған мәтіндердің ақылды базасынан тұрады. Неге ақылды? Өйткені сіз корпусың ресурсына кіріп, өзіңізді қызықтырған кез келген сөзді іздесеңіз, сол сөз қолданылған бүкіл контекстер тізіліп шыға келеді. Ол контекст кімнің қолданысында екенін білгіңіз келсе, құжаттың атауы тұрған жерді басасыз. Сөйтіп, бұл сөз қолданылған мәтін кімге тиесілі, ол қай жылы жазылған, мәтінде қай тарихи кезеңдегі оқиға сипатталған, шығарманың авторы, стилі, жанры, таралым типі сияқты көптеген энциклопедиялық мәлімет аласыз. Ал контекст ішінде өзіңіз іздеген сөзді тіптіүрмен басасыз, ол сөздің дәл осы мән-мәтін ішінде қандай грамматикалық формада, оған қандай жалғау, жұрнақ жалғанып тұрғаны, сөз қандай тіл дыбыстарынан құралғаны, сөзде қанша және қандай буындар бар екені туралы тілтанымдық ақпарат ала аласыз. Ұлттық корпусың беретін ақпараты алуан түрлі. Сол ақпараттардың типіне қарай корпуста бірнеше ішкорпус болады. Енді біз тарихи мәтіндер ішкорпусын әзірлеп жатырмыз. Бұл ішкорпус қазақ тілінің тарихы, тамыры өте терең екенін дәлелдейтін, әрі тіліміздің тарихи кезеңдердегі көріністерінен кез келген ізденушіге қолжетімді жан-жақты ақпарат беретін болады.

Қазақ тілі тәуелсіздік алғаннан кейін ғана мемлекеттік тіл болған тіл емес, оның тарихы терең. Ол Қазақ хандығы құрылған кезде де мемлекеттік тіл болған. Алтын орда дәуірінде де түркі тілдері өзіне бағынышты елдердің ресми қатынас тілі болған. Тілімізде бұлардың белгісі сақталып қалғаны рас, осындай үдерістерді тану, түсіну үшін біз тарихи мәтіндер ішкорпусын жасап жатырмыз. Сол

сияқты қазақ сөзі мен сөйлемінің бірнеше тілдегі аудармасын талдап, көрсетіп беретін паралель ішкорпусты әзірлеуді де бастадық. Ішкорпустардың көлемін жылдан-жылға ұлғайта бермекпіз. Базадағы деректер көп болған сайын, жасанды интелект қазақы санамен, қазақша сөйлейтін болады. Қазіргі таңда диалектологиялық ішкорпус та жасалып жатыр. Дialect сөздерді терсеңіз қай өңірде қолданылатыны туралы, оның мәтін ішінде қандай формада тұрғанын талдап береді.

– Қазақ тілінің орфоэпиясының бұзылып бара жатқанына жазуды кінәлайтындар да бар. Бұл туралы не айтасыз?

Жазба тіл ауызша сөз негізінде қалыптасты, ауызша тіл бастапқы жүйе, алайда, жазба сөз бен ауызша сөз өзара ерекшеленіп, адамзат тілінде бір-бірінен айырмаланып алғаны қашан?! Бұл бағытта да қарапайым тұтынушы мен зерттеушіге де пайдалы ақпарат беретін ауызша сөз ішкорпусын жасап жатырмыз. Өйткені, жазылған мәтінді жазылған күйінде дыбыстауға құмар болып кеттік. Алайда оған жазудың еш кінәсі жоқ. Жазудың мақсаты ауыздан шыққан дыбыстардың бәрін таңбалау емес, ақпаратты неғұрлым тез, ықша кодтармен беру. Ал ауызша сөз нормасының бұзылуына соқтырған нәрсе, қазақ тілі оқулықтарындағы тілдің тек жазба формамен берілуі деп түсінеміз.

Қазіргі заманда барлық дамыған қоғамдардағыдай қазақта да жазу миллиондардың игілігі, үлкен индустрия. Ол беделді әлеуметтік топтың ғана ғана емес, кез келген қоғам мүшесінің сол қоғамға араласуының құралына, қарапайым дүниеге айналды. Сондықтан да жазудың мақсаты ресми қатынастарды реттеу, дәл қазір осы жердегі және бұдан кейінгі тарихи кезеңдерге ақпаратты жеткізу, көзбе-көз тілдесімдегі екеуара ортаға ғана емес, барынша үлкен аудиторияға қызмет ету әрі неғұрлым аз таңбамен көп ақпаратты өте оңай, жеңіл жеткізу, сол себепті жазудың мақсатына ауыздан шыққан барлық дыбысты таңбалау жатпайды. Ал ауызша сөздің мақсаты әдетте бейресми қатынасқа, екеуара көзбе-көз коммуникацияға қызмет ету, әрине, ауызша тілдесімде ресми қатынасқа, үлкен аудиторияға арнала алады, қазіргі техникалық құрылғылардың көмегімен алдағы тарихи кезеңдерге де жеткізіле алады, бірақ оның мақсаты осы сәттік коммуникацияға қызмет ету, сондықтан ауызша сөзде әр тілдің дыбыстау заңдылығы, ырғағы, әуені, сазы сақталуы негізгі шарт болады. Оны сақтап, мағынаға нұқсан келтірмей құлаққа жағымды түрде жеткізу керек.

Сонымен, бүгінгі заманда дамыған деген кез келген тіл екі формада өмір сүреді. Ауызша және жазба. Бір өкініштісі қазақ тілінің бүгінгі оқулықтарында әлі сол тілдің тек жазба формасы ғана үйретіледі, яғни сөздердің жазылуы мынау, дыбыстары мынау, интонациясы былай деп ауызша тіл нормасы мен заңдылығы қоса үйретілмей келеді. Біздің оқулықтарда интонация, орфоэпия, сөздің дыбысталуы, дыбыстың жасалымы,

айтылмы, сөз сазы, әуені, ырғағы деген терминдер мүлде жоқ, сондықтан осы мәселені шешуге сеп болсын деп Қазақ тілі ұлттық корпусының (qazqorpus.kz) Ауызша тіл мәтіндері корпусын жасап жатырмыз. Осы жақында бастапқы нұсқасын қолжетімді қылып интернетке қосамыз. Бұл қазақ мәтіндерін ауызша сөз нормасына сәйкес дұрыс дыбыстауға үйретеді, соның үлгілерін көрсетеді.

– Қазір тіл деген кезде ең алдымен жарнама еске түседі.

– Оныңыз рас. Жарнама мәтіндерінің ішкорпусына қатысты да бір жобамыз бар. Қазір жарнама деген өмірдің бағдарына айналды

бөлек, гранттар арқылы,жеке шығармашылық топтар арқылы жүргізіп жатқан зерттеулері де бар шығар?

– Сондай гранттың бірі дәстүрлі сөзсептам үлгілері бойынша ұтып алынды. Оның жетекшісі профессор Құралай Күдерінова. Бұл жоба жемісті аяқталды, өнімдерінің қазіргі қоғамға беретін пайдасы мол. Қазақ тілі калькаланып барады. Бір өкініштісі, сол кальканың ішіндегі қазақ тіліне пайдалысы мен пайдасыз да болатынын ажырата алмай жатырмыз. Калькасыз дамитын тіл кемде-кем. Мұны кейбір сарапшылар түсінбей, калька біткеннің бәрімен күресіп әуре боп жүр. Олардың ішінде анау да қате, мынау да қате деп, калька емес төл форма қандай деген сұраққа жауап бере алмай жүргендері де болғаны қынжылтады. Осы сұраққа жауап беретіндей жоба керек болды. Айтып отырған гранттық зерттеуде дәстүрлі сөзсептам сақталып қалған тілдік орталардан сөз саптауы ұлттық үрдістен айнымаған тіл иелмендерінің сөз үлгілері, ақын-жазушылар шығармалары мәтіндері молынан жинақталды. Бұл грант аясында мамандарымыз

кезінде үркін көшпен Гималай асып барып, Түркияға орныққан қазақ ата-әжелеріміздің, ауылдық жерде отырған қала мәдениетіне етене құрмаласып кетпеген аузы дуалы үлкен ақсақалдардың сөзін жазып алды, оларды талдады. Сөйтіп, дәстүрлі сөзсептам үлгілерін анықтады, яғни тұрақты тіркес, грамматикалық мағынаны жеткізудің әртүрлі формалары мен оралымдарын, дәстүрлі сөзқолданыстар мен лексикалық бірліктерді жинап, жүйеледі. Сөйтіп шағын бейнероликтер түсірді, өйткені қазіргі қоғам визуалды ақпаратты жақсы сіңіреді. Дәстүрлі сөзсептам үлгісімен жазылған деген жазба мәтіндер ақын-жазушыларымыз, блогерлер мен журналистердің, керек десеңіз әлеуметтік желідегі пост авторларынан да жиналды, дәстүрлі сөзсептамның жазба үлгілерінің мәтіндер жинағы шықты.

Гранттық жоба аясында қазақ тілінің тарихи фонетикасы да зерттеліп жатыр. Бұл зерттеудің жетекшісі Ұлттық ғылым академиясының академигі, профессор Зейнеп апай Базарбаева. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің тарихы бойынша ғылыми танымының маңызы өте зор. Тілтанушылар кез келген тілдің дыбыстық жүйесі өзгерістерге баяу ұшырайды деген пікір айтады. Ол шынында да солай. Бірақ бұрын «50 жылда ел жаңа, 100 жылда қазан» дейтін. Қазір 50 жылда қазан шығар. Сондықтан біз өмір сүріп отырған заманда кез келген үдеріс өте тез жүретінін ескерсек, тілдің дыбыстық қабатында да өзгерістер айқын көрінетін кез келіп қалды. Бір жағынан, осыны көрсету үшін, екінші жағынан, қазіргі дыбыстық жүйедегі кейбір дыбыстық құбылыстардың сырын түсіну үшін мамандарымыз тарихи фонетика мәселесімен айналысып жатыр.

– Институтқа директор болып келгеннен кейін терминология бөлімін орталық етіп қайта құрғаныңызды білеміз. Қазір онда қандай жұмыстар жасалды?

– Терминологиялық орталық деп құрып, оған жас мамандарды тарттық. Бірақ оны біз ойлағандай беделді, Қазақстандағы терминологиялық қызметті реттейтін орталыққа айналдыру үшін әлі де көп еңбек керек. Терминологиялық орталығымыз елдегі термин шығармашылығы үдерісін толықтай ұлттық арнаға бұруда беделді рөл ойнай алмай жатыр. Оны мойындаймыз. Мұның объективті себептері бар. Біздің орталықтың негізгі мақсаты – терминдерді ғылыми объектісі ретінде қарау және зерттеу. Одан кейінгі миссиясы сол зерттеулер негізінде Қазақстандағы терминологиялық қызметке әсер ету. Енді осы әсер ету жағына көп күш салуымыз керек. Ал зерттеулер жүріп жатыр. Тағы бір жағы бар: терминологияны біріздендіру, Қазақстандағы терминологиялық қызметті реттеу Тіл білімі институтының құзырындағы мәселе емес. Бұл тіл саясатының құзырындағы мәселе. «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға ар-

налған мемлекеттік бағдарламасы», «Қазақстандағы Тіл саясатын іске асырудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» және жаңадан ұсынылып жатқан «Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының» барлығында терминологиялық қызметті үйлестіруге қаражат Тіл саясаты комитетіне бөлінеді. Тіл комитеті терминологиялық қызметті реттеуде Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының еңбектеріне әрқашан сүйеніп, оның зерттеулеріне табан тірейді. Бірақ осы жерде бір мәселе бар. Термин тек лингвист қана жасайтын дүние емес. Сәтті терминді лингвист жалғыз жасай алмайды, сала маманы жасайды, насихаттайды, қолданысқа енгізеді. Лингвист сала маманы жасаған термин тілдің жүйесі мен нормасына сәйкесе ме, сәйкеспей ме деген сұраққа жауап іздейді. Сәйкеспесе, өз пікірін білдіріп, термин жасаудың үлгілерін, жолдарын ұсынады. Тіл маманы өз саласындағы лингвистикалық терминді, сосын кейбір жалпы терминдерді бір өзі жасай алады. Мысалы, құрмаласу сөзін профессор Нұргелді Уәли интеграцияның баламасы ретінде ұсынды. Оған терминдік мән берді. Сол сияқты әлеует деген сөздің ғылыми айналымға еніп кетуіне себепші болды. Айтылым, естілім, тыңдалым, жасалым деген лингвистикалық терминдердің ғылыми айналымға енуіне себепші болған профессор Әлімхан Жүнісбек. Ал ақпараттық технологиялар, химия, техника, жаратылыстану салаларындағы терминдерді тек сол сала мамандары ғана сәтті жасай алады. Біздің осыған байланысты көптен бері айтып жүрген бір ұсынысымыз бар. Бір өкініштісі, қанша жыл болды айтып жүрміз, оған әлі жауапты мекеме мен мамандар ден қоймады...

– Термин жасайтын мамандарды оған итермелейтін белгілі бір алғышарттар жасау керек шығар?

– Дұрыс айтасыз. ЕуроОдақтың логистикамен айналысатын мамандары белгілі бір мерзімде жиналып, конференция өткізеді екен. Сол жерде мынадай жаңа құбылыстар, жаңа заттар пайда болды, енді оны қалай атаймыз деп ұсыныс беріп, конференция соңында бекітіп алады. Ал Ресейде Кәсіпорынның терминологиялық қызметті жүргізу жөніндегі стандарты деп аталатын құжат бар. Егер өндіріс орнының директоры болып келсеңіз, сіздің қолыңызға зауыттың жарғысы мен лауазымдық нұсқаулықтан бөлек, жаңағы құжатты ұстатады. Онда жаңа бір тауарды немесе технологияны атау үшін, тіл ресурстары мен терминдердің қандай үлгілері бар, бәрі жазылып тұрады. Сосын мамандарды шақырып алып, жаңа нысанға атау беру бойынша ұсыныс жасайсыз. Сіз оған бағынбай, оны өзге тілде немесе орыс тілінің заңдылығына қайшы атап қоя алмайсыз, себебі жаңағы стандартты құжат бар. Біз де осылай мамандарды өз саласы бойынша қазақ тілінде атау жасауға итермелей аламыз. Бір өкініштісі, бізде қазір терминологиялық қызметті реттеу басқаша жүзеге асады. Әуелі Терминологиялық комиссия құрылады. Оның құрамына әр сала бойынша қазақша білетін, қазақша сөйлейтін мамандарды шақырады. Ішінде мықты мамандар да болады. Бірақ кейбір салада қазақша ойлайтын мықты маман табу қиын. Сосын оған тіл мамандарын кіргізіп қоя салады. Быыл біз тіл саясатының іс-шаралар жоспары бойынша Х қаражатқа Х терминді бекітуіміз керек дейді. Сосын жиналысқа шақырып әлгі терминдердің тізімін береді. Оның бір жағында орысшасы, бір жағында қазақшасы жазылып тұрады. Ол затты сіз өмірі көрмегенсіз, білмейсіз. Сол жерде әркім өз пікірін айта бастайды. Жоспарды орындау керек болған соң, талас-тартыс болса да, соңында бәрі бір мәмілеге келеді. Содан кейін оны бекітілген терминдер деген жинаққа шығырып, газетте жариялайды. Өндірісте жүретін мамандар «Ана тілі» газетін, терминологиялық бюллетендерді оқи ма? Жоқ. Өндіріс басшысының қолында қазақшалауға міндеттейтін терминологиялық стандарт болса, оны жасайтын еді. Бұл жалғыз менің ғана емес, Институттағы Терминологиялық орталық мамандарының да идеясы. Олар алдыңғы жылы аяқталған жобадан терминологиялық қызметті басқарудың Англия, Ресей, Қытайдағы стандарттарын зерттеді. Көбінде сала мамандарын жасауға итермелейтін нормативтер екен. Ал сала мамандары жасаған термин өміршен болады.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ҚАЗАҚ ЗАҢГЕРІ ЖАҢАНША

Сонау Сырым батырдың өмірі мен реформаторлық жолдарын өзіне үлгі тұтқан бала Жаңша, қайтсем қазақ жұртына өз теңдігін ұстатамын деген асқақ арман жетегінде жүріп, қалай заңгер Жаһаншаға айналғанын жақсы білеміз. Әкесі училищені аяқтаған соң Жаһаншаны жанына ілестіріп Бақытжан Қаратаевқа алып келеді.

Адамның көкірегіндегіні көзіне қарап білетін зиялы жан, әкесі Досмұхамбетке қарап: «Сіз, тек бір ұлыңыздың қамын ойлап келіп тұрмаған секілдісіз. Ұлыңыздың артында еліңіздің де жағдайына алаңдап тұрғаныңызды сезгендеймін. Жалпы, қазір аумалы-төкпелі заман болып тұр. Оның үстіне балаңыздың да алысқа қарай көз тіккенін көріп тұрмын. Елдің ісіне араласу үшін саяси сауаттылық керек, саясат салтанат құрмайынша жағдайымыздың дұрыстала қоюы қиын. Сондықтан ұлыңызға заңгерлік мамандыққа баруға кеңес беремін» – деген екен. Міне осындай жандардан ақыл-кеңес алу оны жүзеге асыру асқан зиялылықты білдірсе керек. Сол кездегі оқып ел ісіне араласқан кез келген Алаш қайраткерлері өздері таңдаған мамандықтың шеңберінде шектеліп қалмай, бірнеше саланы қатар меңгеріп, жазу ісімен де айналысқанын көруге болады.

Жаһанша Досмұхамедов 1887 жылы маусым айында Орал облысының Жымпиты уезіне қарасты Бұлдырты өзенінің бойындағы №93 Қарақұдық ауылында дүниеге келген. Алдымен ауыл молдасынан хат танып, кейін Жымпитыдағы болыстық мектеп «Приходская школа-дан» білім алады.

1896 жылы Орал қаласындағы әскери реалдық училищесінің дайындық класына қабылданып кейін осында оқу орнына түседі. Училищеді Халел Досмұхамедұлы, Жалмұхаммед Сүйінтұрұлы, Нұрғали Ипмағамбетұлы, Нұрғали Досболайұлы, Ғұбайдолла Бердіұлы, Шабазгерей Көсепғалиұлымен араласып, сырласты. Ұстаздардың ішінде Жаһаншаға жақын іш тартатын неміс тілінің мұғалімі Феликс Глизенгер

болды. Ол жас шәкіртінің «халқыма қызмет ету үшін оқып жүрмін» деген жауабына риза болып, «Олай болса, тарихқа көбірек үңіл, заңдық қағидаларды зертте, халқың үшін қызмет істеуге көп, табанды дайындал» деп кеңес беріпті. 1906 жылы оқуын тәмамдап осы жылы Мәскеудегі Императорлық университетіне оқуға түседі. Мәскеу университетін 1910 жылы «Заңгер» мамандығы бойынша бітіріп шығады. 1911 жылы Көші-қон басқармасының статист қызметінен еңбек жолын бастап, Ақмола, Торғай, Орал облыстарының қазақтарының шаруашылығын зерттейді. 1911 жылы Томскіде отставкадағы генерал Черняев маңындағы земство бастығы болған К.Колосовскийдің қызы Ольгамен некеге отырады. Осы жылы «Уральский листок» газетінің №99,14.20 сандарына «Несколько слов о киргизском обычном нраве и народном суде» атты мақаласы жарық көреді.

Алдымен Томск қаласында мамандығы бойынша адвокат, кейін округтік сотының Каинск уезі бойынша прокурор болып 1916 жылға дейін қызмет атқарады. 1916 жылы Ақпан төңкерісінен кейін Каинск уездік атқару комитетінің төрағасының орынбасары қызметін атқарады. 1917 жылы Оралдағы уақытша Қазақ комитетінің арнайы шақыртуымен елге келіп, Орал қаласындағы 19-22 сәуірде өткен І Қазақ съезінде төраға болып сайланды. Кейін Орынборда өткен І Жалпықазақ съезіне делегат болып барады. Орал облысының Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат және Киев қаласында өтетін Федералистер съезіне делегат болып белгіленеді. Орынбор қаласында өткен ІІ Жалпықазақ съезіне



делегат болып қатысып, «Автономия құру туралы» баяндама жасайды. Осы съезде Алашорда үкіметі құрылып оның төрағасы болып Әлихан Бөкейханов сайланады. 1918 жылы Қаратөбеде Батыс аймақтарды басқаратын үкімет құру үшін облыстық құрылтай өткізеді. 1918 жылы сәуірде Жымпитыда IV Орал облыстық қазақ съезі өтіп, Уақытша үкімет «Ойыл уәлаяты» құрылады. Үкімет құрамы 7 адамнан сайланып, оның құрамына Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, Д.Күсепқалиев, С.Омаров, Қ.Асанов, С.Сарғожин, Ғабдолғалым Қуанайбаласы сайланады. 1918 жылы қыркүйекте Уфа директориясын құру мәжілісіне Алашорда үкіметінен 12 делегат қатысып, осы мәжілісте «Ойыл уәлаяты» Уақытша үкіметі таратылып, оның орнына Алашорданың Батыс бөлімін құру туралы шешім шығарылады. Оның төрағасы болып Ж.Досмұхамедов сайланады. Бір жыл сегіз ай қызмет жасаған Батыс Алашорда тараған соң заман күрт өзгеріп кетеді. Алғаш рет Жаһанша 1920 жылы

Орал қаласында тұтқындалады. Алайда ол өзін қорғап шығады. 1923 жылы ол Ташкентке кетеді. Онда ол ғылыми жұмыстармен айналысып, Орта-Азиялық юристконсультант болып қызмет етеді және 1924 жылы кеңестік қылмыстық кодексті әзірлеп 1000 данамен «Жауыздық нызамдасы» деген атпен Ташкентте басып шығарады.

1927 жылы Қызылордаға көшіп келіп УСНХ да юристконсультант қызметін жалғастырады, 1929 жылы осы қызметі бойынша Алматыға ауысады, бірақ қарашада жұмыстан қуылады да жұмыс таба алмай Ташкентке қайта кетеді. 1930 жылдың наурызында Москваға барады, онда оның бажасы Тұрар Рысқұлов Ольга екеуіне Хавско – Шабловка қиылысындағы 11 үйден екі бөлмелі пәтер алып беріп, «Скотоводқа» жұмысқа тұрғызады. Осы жылы ол қамауға алынып 5 жылға сотталады. Екі жыл түрмеде отырып содан соң 1932–1935 жылдар Воронежге жер аударылады. Ол жақта экономист болып қызмет етеді. Жазасын өтеп болған

соң Москваға оралады. Түрмеден келген соң денсаулығы сыр береді, сонда да Сәбит Мұқановтың кітаптарын аударумен айналысады. 31 сәуір 1938 жылы Мәскеудегі пәтерінен тұтқынға алынды. Ол тұтқындалған уақытта үйлерінде әйелі Ольга, енесі мен студент Қадес болған. Үш айға жуық Таганск түрмесінде отырып, үштіктің шешімімен «ату» жазасына кесіледі. Заңды үкім 16 шілде 1938 жылы шығарылып үкім сол жылдың 3 тамызында орындалады. Ұзақ уақыт бойына әйелі оның атылып кеткенін білмей келеді. Мәскеудегі Бутово полигонында 120 адаммен бірге таңғы уақытта атылған. Ол полигонда барлығы 20761 адам бірнеше шұңқырларға көмілген және ұзақ уақытқа құпия түрде сақталып келген. 1957 жылы 2 желтоқсан №1811/57 іс бойынша Москваның қалалық соты Жаһанша Досмұхамедовтың кінәсі толық мойындалған жоқ, деп ақтауға «Шешім» етті.

Бүгінде қазақ заңгерлерінің арасында ойып тұрып орын алатын Жаһанша Досмұхамедұлының еңбектері әлі толық зерттеуді қажет етеді. Оның тағы бір қыры көркем әдебиетте аудармамен айналысқанын Мәскеудің полиграфиясының телеграммалары арқылы дәлелденіп отыр.

Бүгінде «Уральский листок» газетінде кезінде жарық көрген «Несколько слов о киргизском обычном нраве и народном суде» атты мақаласы Жаһаншаның диссертациялық жұмысы екені анықталып, оны Мәскеу архивінен алған Түркістан қаласынан Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің PhD аға оқытушысы Исаев Мұхтар Сеитханұлы жақында ғана хабарлап жақсы жаңалығымен бөліскен болатын. «Қырғыз-қазақ күнделікті құқықтарының негізгі ережелері және оны жүзеге асырушы орган ретінде халықтық сот» тақырыбында жазылған дипломдық жұмыс бүгінгі кандидаттық диссертация жұмысының салмағымен пара-пар деуге болады. Сонымен қатар, жаңадан табылып отырған дипломдық жұмыс бұрын еш жерде жарияланбаған және қазақ мемлекеттілігі мен оның құқықтық негіздері, әдет ғұрпы, т.б тұрғысынан тарихи құнды дереккөз деуге болады.

**Айнагул ОЙШЫБАЕВА,
Сырым Датұлы атындағы
тарихи-өлкетану музейінің
меңгерушісі**

ҰСТАЗ МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРЕМІЗ ДЕСЕК

«БІР ӘРІП
ҮЙРЕТКЕНГЕ
ҚЫРЫҚ ЖЫЛ
БАСЫНДЫ И»,
«ҰСТАЗЫ ЖАҚ-
СЫНЫҢ ҰСТА-
НЫМЫ ЖАҚСЫ»,
«ҰСТАЗ БОЛУ
ЖҮРЕКТІҢ БА-
ТЫРЛЫҒЫ»
ДЕГЕН СЕКІЛДІ
ДАНА ХАЛҚЫ-
МЫЗДЫҢ
ТҮСІНІГІНДЕ
ІЗГІ ТӘМСІЛДЕР
ЛЕГІ БАР.



Бұл дегеніміз біздің санадағы «ұстаз» ұғымының қадір-қасиеті жоғары, ардақты мамандық деп түсінетінімізден болса керек. Батыр да, ақын да, ғалым да, спортшы да, өнерпаз да, тіпті түсіндіруге қиын түрлі сала өкілдері де ұстаз деген дүниеден айналып кете алмайды. Адам біткеннің бәрі ұстаздан тәрбие алады, білім жияды, алғашқы өмірге деген көзқарастарын қалыптастырады. Философиялық тұрғыдан алатын болсақ, адамзат баласы өмірге келгеннен бастап, қайтарға дейінгі аралықта ізденуші шәкірт ретінде біршама ұстаздан тәлім алады. Өмірдің өзі – ұстаз. Атаулы сөздің мағынасын тарқатып, түсінік тұрғысында айтар болсақ қалай мақтасақта аяулы мамандық иелеріне жарасымды. Біздік түсінікте ұстаздың орны ерек. Ал қоғамдық түсінікте ше?

«Ұстаз мәртебесі» ұғымы жалпы бұқараға етене таныс. Атаулы бағыт бойынша нақты

қадамдар да жасалынып келеді. Солардың бірі – жалақы мәселесі. Бұрындары «Күн шығыс елінде ең жоғары жалақыны мұғалімдер алады екен», «Дамыған елдерде ең танымал адамдар, ең сыйлы мамандық иелері ұстаздар екен» деп өзгені мақтап отыратын болсақ, бүгінде бізде сол деңгейге шамаласып қалдық. Дегенмен ұстаздың мәртебесін көтеру тек жалақы жайын ыңғайлаумен ғана шешілетін іс емес екенін көріп отырмыз.

Әлеуметтік желінің әуресі көп болған уақытта бір жайтты көріп таңқалдым, жаным ауырды. Әлем желі қолданушыларының сұранысынан шығып, көп қаралым жинаған бір бейнежазбада долы шәкірт өз мұғаліміне жекіріп жатыр екен. Боқтықтың да неше түрін ысқыртып жатыр. Физикалық та, заңдық та, қызметтік те қауқарсыз мұғалім «бейшара» қалыпта үнсіз қарап, әлгінің әлегіне амалсыз көніп тұр. Бұл бір бейне ғана. Әрі қарай

ТЕМІРҚАЗЫҚ

зерттеп, сол төңіректегі контенттерде не бар екенін қарап едім, ұстазын ұрған да, бопсалаған да, кішкене қателігін видеоға түсіріп, келеке қылғандар да көп екен. Қайран ұстаздың мәртебесі ай...

Қалтасына қыруар қаражат беріп, қолын қысқа қылған заман ай. Ата-ананың алдында да мұғалімдердің беделі жоғары деп айта алмаймыз. Баласының бір тал шашы түспей-ақ мектепке келіп ылаң салатындар көп. Бала сөзін сөйлеген ата-аналардың түрлі «қойылымдарын» көріп жүрсіздер. Әке-шешесі ұстазын жерден алып, жерге салып жатқанда оның баласы мұғалімін қайдан қадірлесін. Уәжін айтып келген ата-ананың сөзін сөйлейтін басшылар көп. Заңның кемшіл тұсы осы. Баласы бұзық болып, тәртіпсіздік жасаса да мұғалім жауап беру керек, түнгі уақытта заңды өкілсіз жүрсе де мұғалім жауап беру керек, бағалы заты жоғалса да мұғалім жауап беру керек. Бітпейтін жауапкершіліктер... Жақында Үкімет отырысында жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылық жағдайын төмендету мақсатында Мәжіліс депутаты, журналист Нартай Аралбай ҚР Премьер-Министріне өз ұсынысын жеткізді. Ол өз сөзінде білім саласы бойынша озық мемлекеттердің практикасына сүйене отыра әр сыныптарға «Сынып жетекшісі» штаттық бірлігін ашуды, ал пән мұғалімдері тек сабағын беру керектігін жеткізді. Қос қолымызды қатар көтеріп отырып, мұғалімнің қыруар жауапкершілігін азайтсақ мәртебесін көбейткендей болар едік деген ойымызды жеткізімек. Жоғарыда айтылған белден басар істерге оралайық. Баласының қандайда бір қателігі немесе орын алған келеңсіздігіне бірінші ата-ананың өзі жауапты болуы керек. Мектеп пен мұғалім – тәрбие беруші тарап болғанымен, бірінші жауапкершілікті ата-анадан талап етуіміз керек.

Мұғалімді мәртебесіз етіп жүрген әріптестеріміз де бар екені жасырын емес. Білім алушының алдында білімділігімен, кемеңгерлігімен көзге түсу керек тұлғалардың әлеуметтік желідегі ессіз әрекеттері ашуынды келтіреді. Осы тұста мұғалімдердің желілердегі образы терең зерттеліп, жазбалары, салынған сториздарына дейін електен өткізу керек секілді.

Бұның барлығын білім мекемесінің жанындағы әдеп кеңестері қарау керек. Әйтпесе, кешкілік қала кеңелерінде түтінін будақтаып кальян шегіп, би алаңдарында «үлкен биші» атанып жүрген мұғалім ертесіне келіп, дәріс беру барысында тәрбие туралы қанша насихат айтқанымен аузының киесі болмасы анық. Әлгі бейберекет істерді әлеуметтік желіде көріп отқан шәкірттің ұстазын тыңдай қоюы да, силауы да екі талай. Ұстаз жеке өмірде де ұстаз екенін ұмытпау керек. Мүмкін сонда ғана ұстаздың мәртебесі мен беделі көтеріліп қалар.

Нақты статистикалық мәліметтер жоқ болса да бір дүниені назарларыңызға салғым келеді. Мұғалімдердің басым көпшілігі әйелдер. Оның дені бойдақтар немесе отбасылы өмірде жолы болмаған жалғызбасты аналар. Тағдыр иірімдерінің сүреңсіздігінен жалғыз атанып отырғандардың жайы бөлек. Қолдан жасап отырғандар не істемек керек? Бір отбасының ұйытқысына айнала алмай отырған адамдар болашақ ұрпақ тәрбиесін қалай жүргізбек. Бұл ортада қанқу әңгіменің желдей есетіні де белгілі. Тана көзін сүзіп жүр, бұқа жібін үзіп жүр. Бір уақыттары Қызылорда облысының білім саласында жауапты қызмет атқаратын ұстаздың отбасылы еркекпен көңіл жарастырғаны туралы мәліметтер тарап кетті. Дәлелдеп жарыса жазғандар да болды. Ақиқат па, жала жабу ма? Шындығын ешкім біле қоймас, дегенмен бұл секілді жайттардың көбейгені ұстаз ұғымының қадірін қашыратыны жасырын емес. Сондықтан ой басында айтқан әдеп кеңестердің бір функциясы мұғалімдердің тағдырын зерделеумен айналысу болуы керек. Халық баласын тәрбиелеп отырған жандардың жеке басының ізі де ізгі болуы шарт.

Қоғам алдындағы ұстаз мәртебесін көтереміз десек, алдымен ата-ананың, оқушының алдындағы мұғалім мәртебесін көтеруіміз керек деп есептеймін. Материалдық жағдайын жасаудан бөлек рухани тұрғыдан да кембағалдықтан арылғанымыз абзал. Сол мәртебенің жауапкершілігін ұстаз да сезінсе ләзім.

**Айдана АСЫЛБЕКОВА,
М.Мәметова атындағы
Қызылорда педагогикалық
жоғары колледжінің мұғалімі**

САНДЫҚ ЖҮЙЕ

ЖАҢАШЫЛДЫҚ - ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯДА

Жаңа технологиялардың енгізілуі сот саласына айтарлықтай өзгеріс келтірді. Елімізде цифрландыру бойынша сот жүйесінде көптеген жұмыстар жүзеге асырылып жатыр. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының мазмұнымен үйлесе отырып, жүзеге асқан сот саласындағы жаңашылдықтар уақыт сұранысына сай тағы да жаңғырып, заман ағымына бейімделуде. Нәтижесінде халық көңілінен шығатын, сотқа деген сенімді арттыратын жүйе қалыптасуда.

Бүгінгі күні сот жүйесінде ақпараттық технологияларды белсенді түрде қолданудың нәтижесінде халық қағаз-бастылық пен кезекке тұру мәселесінен арылды. Қазір азаматтар үйде отырып-ақ қалаған қызметіне қол жеткізуде. Елімізде алғашқылардың бірі болып сандық технологияға өткен сот жүйесі бүгінгі күні ыңғайлылығымен, тиімділігімен, халықтың уақытын үнемдеуімен жұртшылықтың көңілінен шығып отырғаны белгілі.

Сот жүйесіндегі негізгі жобаның бірі – «Smart сот». Бұл жоба халыққа түсінікті

әрі қолайлы, қарапайым, қауіпсіз электрондық қызмет жасауды көздейді. Жалпы, сандық жүйенің арқасында соттардың заманауи түрлері мен озық цифрлық технологияларды енгізу, артық уақыт пен қаржы шығындарына алып келетін сот процедураларын қысқарту мәселесі өз шешімін табуда.

Сандық технологияның арқасында қол жеткізген тағы бір жетістік бүгінгі күнгі сот залдарында орнатылған бейнебайланыс жүйесі арқылы сот төрелігін қашықтықтан жүргізу болып отыр. Қазіргі таңда көптеген сот отырыста-

рында тараптарды алыстан тыңдау, куәгерлерден жауап алу мүмкін болып отыр. Бұрын мұндай жағдайда куәгердің немесе тараптардың бірінің сотқа келуі, алыс аймақта болса уақытында келе алмай сот процесі өткізілуіне көп қиындықтар тудыратын. Қазір сотқа шақыртуды СМС арқылы жіберіп, сот процесі кезінде алыстан онлайн қатыса алуы сандық технологияның тағы бір артықшылығы деп айтуға болады. Соттарға қолжетімділікті қамтамасыз етуде «Сот кабинеті» сервисін ерекше атап кеткен жөн. Қазір халық электрондық цифрлық қолтаңбасымен сотқа талап арыздар мен өтініштерін, шағымдарын электронды түрде жолдап, өз ісінің статусын онлайн арқылы бақылап отыруға мүмкіндігі бар. Жыл өткен сайын онлайн қызметке жүгінетіндер санының артып отырғанын байқауға болады.

**Құралай НАЗАРҚҰЛОВА,
Жамбыл облысының
қылмыстық істер
жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
кеңсе меңгерушісі**

МІНДЕТ

Алматы қаласының ҚАЖ департаментіне қарасты №11 мекемесінде ауысым қызметкерлері жұмысының жауапкершілігі жоғары. №1 ауысым кезекшісі әділет капитаны Нұғманов Қажымұхан жұмыс барысында, ауысым қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру мақсатында тиісті жұмыстар жүргізеді.

ҚЫРАҒЫ ҚЫЗМЕТТЕ

Қызмет барысында заңмен тәртіпті сақтай отырып, сотталғандардың қашып кетпеуін, ауысым қызметкерлері қырағы қадағалайды. Кезекші бөлімде кезекші орынбасары әділет капитаны Ернар Сабитов бейне бақылау жүйесі арқылы бүкіл мекеменің аумағындағы қозғалыстарды бақылап отырады. Келеңсіз жағдайлар байқаған кезде кезекшіге дер кезінде хабарлайды және қарауыл бастығына тапсырмалар береді.

Бастық немесе оның орынбасарлары болмаған кезде, мекемеде белгіленген ішкі тәртіпті ұстануға байланысты барлық мәселе осы кезекші көмекшінің нұсқауымен жүреді. Қылмыстық-атқару заңнамасына сәйкес, мекеме аумағына және



өндірістік нысандарға кіретін, шығатын адамдарды, сондай-ақ, олардың заттарын тінту жүргізуге шешім қабылдайды. Қызмет барысында ауысым қызметкерлері сотталғандардың ішкі күн тәртібі ережелерінің сақталуын бақылап, мекемедегі іс-шаралардың күн тәртібіне сай уақытылы өтуін қадағалайды.

Кезекші ауысым мекеме тыныштығын қадағалап, келеңсіз оқиғалар болдырмауға күш салады. Әр кезде төтенше жағдайлар, жаппай улану, мекемеде ұсталатын сотталғандардың өлім-жітімі, апатты жағдайлар және т.б. оқиғалар орын алмас үшін әрдайым дайын жүреді, бос уақыттарында спортпен айналысады.

Еркегүл ЖЕҢІСХАН

ӨРТТҮРЛІ

15. Осы арқылы «Коммекс-Өмір» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ «Сақтандыру қызметі туралы», Қазақстан Республикасы заңының 62-бабының 6-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 27 сәуірдегі №15 қаулысына сәйкес, «Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ-ны «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ-ға біріктіру түрінде «Коммекс-Өмір» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ ерікті қайта ұйымдастыруға рұқсаттарды беру туралы хабарлайды.

Қайта ұйымдастыру нәтижесінде «Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ қызметі тоқтатылады. «Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ барлық мүлкі, құқықтары, міндеттері және міндеттемелері (қазіргі немесе болашақта туындауы ықтимал) тапсыру актісіне сәйкес «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ-ға өтеді. Бұл ретте «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ қызметі өзгеріссіз жалғасады.

Өрекеттегі сақтандыру шарттары бойынша «Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ барлық құқықтары мен міндеттері, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру міндеттемелері құқық мирасқоры ретінде «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ-ға өтеді. Сақтандыру шарттары өз әрекетін үздіксіз, өзгертусіз және сол шарттарда жалғастырады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасау бойынша «Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ қызметі 2023 ж. 1 маусымда аяқталады.

Жаңа сақтандыру шарттарын жасау қажет болса, «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ-ға жүгінуді сұраймыз.

Өрекеттегі сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарына өзгерістер енгізу қажет болса, сақтандырушыны ауыстыру және шартқа қажетті өзгерістерді бір уақытта енгізу туралы үш жақты келісім жасауды ұсынамыз.

Бірігу туралы шартты, тапсыру актісін бекіту туралы шешімдер қабылдау үшін «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ және «Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысын өткізу, сондай-ақ, көрсетілген құжаттарға қол қою 2023 жылғы 19 маусымда жоспарланған. Көрсетілген күннен бастап «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ барлық құқықтар мен міндеттер және барлық кредиторлары мен борышкерлеріне қатысты қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның міндеттемелері, соның ішінде тараптар даулайтын міндеттемелер бойынша «Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ құқық мирасқоры болып табылады.

Барлық сұрақтар бойынша мына мекенжайға жүгіну қажет: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әуезов көшесі, 60, 8-9 қабат, тел. +7 (727) 244 74 00.

16. Осы арқылы «Сентрас Коммекс Life» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы заңының 62-бабының 6-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 27 сәуірдегі №16 қаулысына сәйкес «Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ-ны «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ-ға біріктіру түрінде «Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ ерікті қайта ұйымдастыруға рұқсаттарды беру туралы хабарлайды.

Қайта ұйымдастыру нәтижесінде «Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ қызметі тоқтатылады. «Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ барлық мүлкі, құқықтары, міндеттері және міндеттемелері (қазіргі немесе болашақта туындауы ықтимал) тапсыру актісіне сәйкес «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ-ға өтеді. Бұл ретте «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ қызметі өзгеріссіз жалғасады.

Өрекеттегі сақтандыру шарттары бойынша «Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ барлық құқықтары мен міндеттері, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру міндеттемелері құқық мирасқоры ретінде «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ-ға өтеді. Сақтандыру шарттары өз әрекетін үздіксіз, өзгертусіз және сол шарттарда жалғастырады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасау бойынша «Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ қызметі 2023ж. 1 маусымда аяқталады.

Жаңа сақтандыру шарттарын жасау қажет болса «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ-ға жүгінуді сұраймыз.

Өрекеттегі сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарына өзгерістер енгізу қажет болса, сақтандырушыны ауыстыру және шартқа қажетті өзгерістерді бір уақытта енгізу туралы үш жақты келісім жасауды ұсынамыз.

Бірігу туралы шартты, тапсыру актісін бекіту туралы шешімдер қабылдау үшін «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ және «Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысын өткізу, сондай-ақ, көрсетілген құжаттарға қол қою 2023 жылғы 19 маусымда жоспарланған. Көрсетілген күннен бастап «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ барлық құқықтар мен міндеттер және барлық кредиторлары мен борышкерлеріне қатысты қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның міндеттемелері, соның ішінде тараптар даулайтын міндеттемелер бойынша «Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ құқық мирасқоры болып табылады.

Барлық сұрақтар бойынша мына мекенжайға жүгіну қажет: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 60, 8-9 қабат, тел. +7 (727) 244 74 00.

4. «Тастай Недвижимость» ЖШС (БСН 071040008664) жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Төле би көш., 293/1 үй.

2. Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының (МАЭС) 02 мамыр 2023 ж. ұйғарымымен «РУСТЕМ» ЖШС-нің, БСН 931040000808, банкроттығы туралы іс қозғалды.

6. «Шахтинсктеплоэнерго» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 130640005593 (бұдан әрі - Серіктестік) серіктестіктің жалғыз қатысушысы болып табылатын «Шахтинск қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі жарғылық капиталды 900 320 205,44 теңгеге дейін азайту туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлайды (№95-07/3 шешім 2023 жылғы 5 мамыр). Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Индустриальная көшесі, 38/6. Байланыс телефондары: 87215639047, 87215639051(факс), электрондық поштаның мекенжайы shahinskaya_tec@mail.ru.

12. «Авиационный Учебно-Тренировочный Центр» ЖШС, БСН 120640013720, өз несиегерлері мен мүдделі тұлғаларына жарғылық капиталдың 500 000 (бес жүз мың) теңгеге дейін азаятыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Үштөбе ауылы, есептік орам 032, құрылыс 519.

17. Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, ПКСТ Авиаремонтник, 21 үй мекенжайының тұрғыны азаматша Мырзабекова Жанұлы Ақыновнаның өтініші бойынша ҚР Азаматтық істер кодексінің 317, 322-баптары негізінде 25.03.1956 жылы туған азамат Байғазанов Сембек Байдиловичті қайтыс болды деп жариялау туралы іс қозғалады. Азамат Байғазанов Сембек Байдиловичтің тұрғылықты жерін білетін жандарды осы анықтама шыққан күннен бастап 3 ай мерзімде Еңбекшіқазақ аудандық сотына Есік қаласы, Абдиев көшесі, 198 мекенжайы бойынша хабарласуларын сұраймыз.

МҰРАГЕРЛІК

8. 14.11.2022 жылы қайтыс болған Едигеев Онгарбай Абиевичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус F.A. Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел.: 87022334499.

9. 2022 жылы 21 желтоқсанда қайтыс болған азаматша Байгенжева Бейсенкульдің атына мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін Қызылорда қаласы, Ы.Жахаев көшесі, 3 үй мекенжайы бойынша нотариус А.Р. Жұлдыбаеваға хабарласуларын сұраймыз. Тел.: 87029142773.

10. 25.11.2022 ж. қайтыс болған аз. Алдияров Омарбек Шарибековичке қатысты мұрагерлік іс ашылуына байланысты мұрагерлеріне және мүдделі тұлғаларға, Қызылорда облы., Шиелі ауд., Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі, н/ж, «Шаңырақ» сауда орталығы бойынша орналасқан мекенжайға жеке нотариус А.Есимхановқа хабарласуыңыз қажет. Тел.: 87014743502.

Қарағанды облыстық сотының судьялары мен Қазақстан Республикасының Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалы ұжымы Қарағанды қаласының Әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Нейля Сергейқызы Беркалиеваға экесі

Сергей Баймағамбетұлының

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiity.kz, e-mail: vsgezety@mail.ru Алматы қ., Абайлы хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридикческое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұргисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА

...Таң бозынан Текелі қаласы тұрғын-дәрінінің табынын өзен жағасы бойымен ерістете жайып келе жатқан екі бақташы жаға бойына біткен тал-терек арасындағы жантүршігерлік көрініс көздеріне түскен сәтте, ат үстінен ауып қала жаздады. Арасы алты-жеті қадамдай екі шоқ талдың астында екі бірдей әйел жатыр. Екеуінің де не өлі, не тірі екені белгісіз. Әйтеуір анадан жаңа туғандай тыр-жалаңаш, қозғалыссыз қалған. Көз тоқтатып қарауға дәті бармай, көзін алып қашқан екеудің ересегі:

– Болат, шапшаң қалаға шап... Милицияға, өлі-тірісі белгісіз екі әйелді көргенімізді тезірек хабарла. Байғұстар шала-жансар күйде, татар дәмі таусыл-маса, доқтырлар мүмкін құтқарып қалар. Ұш шапшаң...!

Жас жігіт атын тебініп қалып еді, жануар ышқына шаба жөнелді. «Кім болса да, тірі болса екен, әйтеуір деп жанұшы-ра күбірлей тілеп келеді.

Оқиға орнына кешікпей екі полиция қызметкері мен «жедел жәрдем» машинасы дабылын айқайлата жетті.

Әлі аузынан ана сүтінің ұызы кеппеген жап-жас қыздар. Екеуі екі шоқ талдың астында ес-түссіз жатыр. Үсті-басы мен бет-ауыздарының сау тамтығы жоқ, көкала қойдай. Аяқ-қолдары екі жаққа кетіп, екеуінің де аяғының арасына қан қатып қалған. Қызыл қан бурыл тартып кеткеніне қарағанда, оқиғаның болғанына біраз уақыт өткен сияқты. Әбүйір болғанда, екеуінің де демі бар екен. Полиция қызметкерлері зорлыққа ұшыраған бейбақтарды, оқиға болған аумақтағы іздерді, тиісті тәртіптері бойынша өлшеп, тездетіп әр қырынан суретке түсіруге кірісті. «Жедел жәрдемдегі» одеял, көрпемен лыпаларын қымтай жапқан дәрігерлер тағдыр тәлкегіне түскен бейкүнә, шарасыз жандарды көліктеріне салды да, жеделдетіп ала жөнелді...

...Көрген, естіген адам жанынан түңіліп, күніренетіндей жантүршігерлік бұл сұмдық қылмыстық оқиға қалай болып еді өзі...

Бір сағаттан бері кісі бойындай айна алдында сыланып-сипанып, бет, тырнағын бояп, шыртайт киініп алған қос бикеш өз түрлеріне өздері сүйсіне қызығып, еліктің егіз лағындай ойқтастап, айна алдын босатар емес. Қызыл күрең кофтасы мен сол түстес юбкасы қызыл-шырай, сұлу өңіне бек жарасып тұрған қыздың киім сыртынан бұлтыып, көрер көзді қызықтырған қос анары кофтасын тесіп жіберердей керіп тұр. Биік екшелі қоңырқай түфліі мен төбесіне түйіп қойған қою қара шашы былайша да бойшаң қызды сұңғақтата бұлайса.

Бойы аласалау болғанымен, қолан шашын, қазіргі жастар арасында мода болып тұрған «карз» түрімен қысқа етіп қидырған екінші қыз алдыңғысының сіңлісі екендігі айтпай-ақ білінеді. Ол да әпкесіндей қызылшырайлының әдемісі, екеуінің түрлері қос тамшыдай ұқсас. Кішісі сәл жасырақ демесеен, екеуін егіз деп ойлап қаларлықтай.

– Катя, тездет, мен дайын болдым. Вечерге кешігіп қалмайық.

Любаның әпкесінің аспай-саспай, тым бейқа жиналғанына көңілі толмаған сынды.

Әй, ана-ай, десеңші! Бой жетіп қалған қыздарына жартылай ашық тұрған есіктен: «Боже мой, прости и сохрани их грешних» деп қызыға да сүйсіне қарап, артыныша бөлмеге сөйлей кірді: – Не, бикештер, тағы да бір жаққа кеттіндер ме?

– Мама, біз Талдықорғанға дискотекаға баруға жиналып жатырмыз.

– Түһ, сендердің-ақ дискотекаларың таусылмайды екен, осы. Алдыңғы күні ғана барып, түн жарымына шейін билеп, қыдырыстап келмеп пе едіңдер?

– Ну, мама – Мария, өзіңіз де жас болып көрдіңіз. Сізді әкеммен таныстырып, махаббаттарыңызды оятып, жарастырған осындай би кеші емес пе еді? – деп, анасына еркелей «мама – Мария» деп, әзілдесіп жүретін Люба анасының бетіне қулана, күлімсірей қарады. – Үйде омалып отыра бергеннен күйеуге шыға алмай, кәрі қыз атанғанымыз сізге керек пе?

– Ауыздарыңнан ана сүтінің дәмі кетпей жатып күйеушілін өздерінің. Вечерлетіп, дискотекалатып жүрулерің көбейіп кетті. Ойнақтап жүріп, от басып жүрмендер...

Мұндайда қыздардың ынтымақтық танытып, бірін бірі қорғаштап, шаң жуытпайтын әдетімен әпкесінің сөзін сіңлісі Люба дереу қоштай жөнелді:

– Қайдағы сүттің дәмін айтасыз,

мама. Катя күзде он алтыға толады, менің жасым он төртте. Болашақ күйеуді осы бастан таңдап, мойындарына нокта кигізіп қоймасак, дұрыс жігіттер осы күні қат екенін білесіз ғой. Сондықтан, дискотекаға жиі барып жүргеніміз дұрыс, – деген ол, анасының иығына асыла кетті. Сықылықтай күліп, екі бетінен кезек сүйіп жатыр.

– Алаңдамаңыз, мама. Біз түн жарымына қалмай ораламыз. – Катя да шешесін еркелей құшақтап, әжімденген маңдайынан өбіп қоштасты.

«Құдайым-ай, жүрегі құрғыр неғып лоблып кетті. Қос қарлығашымды пәле-жаладан сақтай гөр» – деп, қыздарының соңынан үш саусағын біріктіріп шоқынып алған анасы терең ой құшағына бата берді.

...Кеңес Одағы ыдырап, немістер Германиясына, еврейлер Израиліне,

ҮКІМ БҮГІН ОҚЫЛАДЫ...



орыстар Ресейіне үдере көшкен тұста, Текелінің ортасынан ойып тұрып, кең сарайдай етіп салып алған зәулім үйін арзан бағаға сатып, бұлар Пономоревтар әулеті де көп дүрмекпен бірге, Ресейдің Барнаул қаласының түбіндегі Покров ауылына қоныс аударды. «Тарихи отанымыз» деп, жүректері лүпілдей, алып-ұшып жеткенін қайтейін, ол жердегі қандастары бұларды әзірейліп көргендей, тыжырына қарсы алды. Азды-көпті жүктерін контейнерден түсіріп, үйге енгізген кезде, «нелері бар екен» дегендей, қызығушылықпен ентелей қарап тұрған көршілерінің көздері шарасынан шыға жаздады. Төбемен тілдескен биік «бюро-са» тоңазытқышын, ине-жіптен шыққан-дай жап-жаңа ұйқы бөлмесінің гарнитурын, залдың кісі көңілі тоятындай әдемі жихаздарын, тағы басқа үл мүліктерін көрген келешек ауылдастарының көзі атыздай болды. Жеккөрінішті сезіммен таң қалысып, «вот, настоящщие казахские буржуи» дескен олар жақтырмай сырт айналып кеткен. Қазақстандағы сияқты, көршілердің бірі-біріне қол ұшын берісіп, көмектесу, қуанышына ортақтасып құтты болсын айту, өзіміздің қазақ ағайындардікі сияқты қонақжай қасиеттер бұлардың салтына жат екен.

«Көршілер құтты болсын айта келгенде, біздің қазақтың ұлттық тағамы ретінде, үстелге мақтана қойып, сыйлап жіберерміз» деп, сап-сары боп сурленген қазы мен қарта, жал-жаюсы мен ірімшік, құртын бір қап қылып ала келген болатын. Танысын, танымасын, келген адамға дастарқанын жайып, сыйлап жіберетін қазақ түгіл, Текелідегі орыс, неміс пен кәрістердің өзі тілдерін бұрай қазақшалап «ерулик» (новоселье) деп, көшіп келген көршілерді кезек-кезек қонаққа шақырысып, аралас-құралас болып жатпаушы ма еді? Бұларда құдайы көршілердің бірімен бірі араласып, кіріп-шықпайтын, қуанышқа ортақтаспайтын салты қызық екен...

Қазақстаннан көшіп барған Пономоревтардың жағасын ұстағып, аса бір таңқалдырған нәрсес: мұндағылардың үлкен-кішісі жаппай, жатып тұрып арақ ішуді салтқа айналдырған сияқты. Ішуден қазақстандық орыстар – өзіміз де кенде емеспіз. Бірақ, той-томалақта, әлдебір мереке, салтанатта орнымен, өз шаманды біліп ішу бір бөлек те,

бұлардағы сияқты, ес-түсті білмей, есіре жұтып, артын дау-дамай, төбелеске айналдыра ішудің айырмасы көп қой...

Тіпті, кейінгі кезде қазақ тойларының «сухой закон» деп арақ-шарапсыз, қымыз, шұбатпен ғана өтіп жүргенін де көрдік қой. Ештеңе жоқ, онсыз да әнді шырқап, қоймай-қоймай билеп, әзіл-десіп бәріміз де көңілді отырушы едік.

Тағы бір таңдай қақтырып, таңдан-дырған жағдай: бұларда тұрмысқа қажетті дүние-мүлік жинап, заман ағымына орай, мәдениетті, өркениетті өмір сүру дәстүрі қалыптаспапты. Жұмыста киген шоқпыт-шоқпыт, ескі киімін үйде де үстіне іле салып, жүре беру еш ерсілік саналмайды екен. Он бес күн бойы бел жазбай еңбек етсе, артынша, міндетті түрде, апта бойы жата-жастана арақ ішеді. Бұл бір бұлжымас салт іспетті. Аса сөкеттігі – сары ауыз, мұрты да тебінден үлгермеген мектепте оқитын ұлдар мен жап-жас қыздар әке-шешесімен бірігіп, жарасы ішеді. Олары ұят, жат қылық деп саналмайтын сияқты. 13-14 жастағы

...Өткен жылдың көктеміндегі мегежіндері жаппай төлдеп жатқан кез. Түн қараңғысын пайдаланып, шошқалардың астауындағы жемге әлдебіреу, қандай екенін қайдам, у тастап, қабандары да, мегежіндері де торайларымен қоса, бірі қалмай қырылып қалды. Алыстан ат арытып жау жетті дейсің бе, көршілерден келген кесапат екенін білгенімен, «ұсталмаған ұры емес» дегендей лажсыздан үнсіз көнген. Арада екі ай шамасы өткенде, ауладағы қора-қопсысы, ішіндегі малдарымен қоса өртеніп кетті. Әйтеуір, әбүйір болғанда, Максим түтінге қақалып, шашалып жүріп, екі сиырды от құшағынан суырып шығарды. Соның бәрі көршілерінің ішін тырнаған «қызғанышының қызыл иті» екендігін білгенімен, қолдан келер қайыр жоқ. Милицияға шағымданудың еш пайдасын аман қалған екі сиырын, баспанасы мен азды-көпті дүние мүлік-

терін арзымайтын арзан бағаға сатты да: «енді көрмегенім «тарихи отаным» болсын» деген сөзді іштей айтып, «Где ты, мой родной Казахстан» деп, қолда бар азды-көпті киімдері мен буылған көрпе-жастық, матрастарын бір контейнерге тиеп, үдере көшті де кетті. «Историческая Родинасы» болмаса да, туған Отаны болып кеткен, елдің, жердің иесі – қазақтардан еш шет қақпай көрмей, бір туғандай сыласып жүрген, айналайындардан ұят болды-ау деп қояды өзара. Онымен қоймай, қандас орыстарына: «Шет елге көшіп, аузы күйіп, ол жаққа енді мылтықпен айдаса да бармастай болған біздің көрген құқайларымыз бен қорлықтарымызды Құдай сендердің бастарыңа бере көрмесін» деп ескертіп те қояды.

«... Құлындарым-ау, сол. «Қазақстанда тұратын әр азамат мемлекеттік тіл – қазақ тілін білуі тиіс» деп, Катя мен Любаның мектеп бағдарламасы бойынша оқығанынан бөлек, «қазақ тілін үйренейік» атты кітап пен басқа да көмекші сөздікті тауып, өз бетінше үйреніп жүргенін айтпайсың ба?! Ресейге көшпей тұрғанда тіл мәселесіне онша мән бере қоймаушы еді, ондағы орыстардың жасаған қысағысты мен әділетсіздігін көргеннен кейін: «мама, папа, әлемдегі ең қонақжай, бауырмал және басқа этнос өкілдерін алалап, бөлмейтін ұлт – қазақ. Біз – орыс, неміс, күрт пен кәрістер соны бағалай алмай жүрміз. Қазақстанда туып, өніп-өсіп отырсандар да, әлі күнге шейін бір ауыз қазақша білмейсіңдер. Бізге де үйренуге қозғау салмадыңдар. Бұл дегенің елге, жерге, ұлтқа қиянат» – деп, әр жерде, кезі келген сәттің бәрінде айтып жүргендері. Пәлекеттердің, өзара құпия сырларын біз түсініп қоймауы үшін, қазақша сөйлестіндерін қайтерсің. Ынта қойып, берілгендігі сонша, Ресей жерінен оралған бір жылдың ішінде қазақшаға тәселіп, кәдімгідей-ақ, сөйлесе алатын дәрежеге жетті. Алтындарым менің! Біз ғой мұнда, қазақшаға үдірейе қарап, әліпті тақп деп білмейтініміз. Дегенмен, «ештен кеш жақсы» деп, қазақ тілін үйрену керек екен. Әйтпесе, қос құлыным айтқандай, мұнымыз шынында да, елдің, жердің месі – қазақ ұлтына қиянат» деп, ой құшағына оранған Мария Петровна қыздарының кешігіп жатқанына алаңдап: «Құдай-ау, құртақандай қошақандарымды пәле-жала, қастандықтан, қауіп-қатер мен жол апатынан сақтай қал!» деп, өз салт-дәстүрлері бойынша шоқынып алды.

...Ұрлықтан түскен арам ақшаға алынған «Жигули» машинасының рөліне масаң күйде отырған Генадий мен жанындағы Юрий Палкин өміріне дән риза. Аузындағы темекісін будақтата тартып, әңгімені соғып келеді. Әлгінде ғана, Текелі қаласында тұратын өздерінің ежелгі бір жемтіктесі – «хромой Семен» – Семен Сальковпен жақын күндері жүргізетін ұрлық операциясын талқылап, жоспар құрып шыққан беттері. Мұндай әңгіменің арақсыз сәні келуші ме еді? Үшеуі екі жарты ақмағамбетті бөліп ішіп, Қараталдың суы сирақтарынан келмей, дуылдаса күліп келе жатқанда, әңгіме тақырыбын «Гена крокодил» кличкалы Генадий Коркин өзгертті:

– Юра, нам бы теперь баб найдти. А

то я давно не разгружался...

– Какой базар? «Пахан» сказал, будет сделано, – деп, Юрий езу жиғаны сол еді, қаланың шыға берісіндегі жол

жиегінде тұрған екі қызға көзі түсті.

– Во, молодые тёлки. Сейчас их зацепим.

Көлік асфальт жолдың шетіндегі шаңды «бұрқ» еткізе шұғыл тоқтады. Машинаның есігін Катя қыз аша алмай, әуреленіп жатқанда, жүргізушінің оң жағында отырған жігіт ішкі жақтан артына бұрылып ашып жіберді.

– Дяденьки, по пути до Талдықорга-на доvezите.

– Базара нет. Садитесь. – Қыздар отыра салысымен, «жигули» орнынан жұлқи қозғалып, қою шаңды бұрқырата жүйіткі жөнелді.

Машина ішіндегілердің мас екенін басында аңдамаған қыздар арақтық күлімсі исі қолқаларын қауып, тұншыға жаздағанда бір-ақ білді. «Апырмай, ішіп алған адамдар екенін қалай аңғармадық. Баиланысып, мазамызды алмаса жарады...» – деген қорқынышты ой Любаның да, Катяны да қалтыратып жіберді. Үрейленгенін білдірмеуге қанша тырысқанымен, қорыққандары соншалықты, жылан арбаған торғайдың балапандары құсап дірілдеп, үңсіз ғана бүрісіп отыр.

Көне көк «жигули» Текелі қаласы мен Жетісу ауылының шамамен жарты жолына таяй бергенде күре жолдан оң жаққа қарай шұғыл бұрылғаннан-ақ бір сұмдықтың боларын сезгендей, екі қыз үрейленіп қосарлана шу ете қалды.

– Ағалар, бізді қайда апара жатырсыз-дар?

– Осы жерде қалдырып кетіңіздер!

– Қорықпандар. Бір-екі жүз грамда-тып, демаламыз. Одан кейін керек жерге апарып тастаймыз, – деген Генадийдің көзімен көзі ұшырасқан Любаның зәресі зәр түбіне кетті. От шашқан қысыңқы жанары киноларда көріп жүрген қорқау қасқырдың шырадай шақырайған жанарынан аусашы! Қып-қызыл ма, жасыл ма, әйтеуір біртүрлі, қорқыныш тудыра жанып тұр.

– Біз ішпейміз, әлі оқушымыз. Тоқтат-пасаңыз, қазір машинадан секіріп кетеміз – дегені сол еді, алдыңғы орын-дықта отырған Палкин, артқа бұрылған күйі Катяның бетіне шапалақпен салып қалды.

– Қане, енді қимылдап көрші. Осы отырған жерінде екеуінді де буындырып, ол дүниеге өз қолыммен аттандырып жіберемін...

«Мына арамза қасқырлар бір жерде тоқтап, арақтарын ішіп алған соң, бізге байланыспай, мүмкін Талдықорғанға жол жөнекей апарып тастар»... деген болымсыз үміттің жетегіндегі апалы-сіңілі екеуі үрей мен шарасыздықтан қимылдауға шамалары келмей қалшыл-дап отыр. Олардың солай ететіндеріне соншалықты сеніп те отырған жоқ. «Суға кеткен тал қармайдының» кері.

Құйымдатқан күйі Қаратал өзенінің жағасына жетіп, көліктен түскен Генадий Коркин жүк салғыштың ішінен басталып, сәл ғана ішілген бір шиша арақ пен жарты бөлке қара нан шығар-ды.

– Қане, сұлу бикештер, сәтті кездесіп қалыппыз. Бүгін бір дүрілдетіп, гулянка жасайық. Қысылмай, емін-еркін оты-рындар...

– Пәлі, бұларың айрықша шақыру күтіп отыр. Машинадан түсуіне мен көмектесіп жіберейін, – деген Юрий қыздардың қарсылығына қарамастан, оларды көліктен дырылдата сүйреп шығарды. Состыып, состыып, жылап тұрған қос қызға жақын келген Генадий:

– Арулар, неғұрлым сезімтал, неғұрлым ұғымтал болсандар, арамыздағы түсіністік соғұрлым тез орнайды. Ұял-май, тартып жіберіндер, – деп, Катяның аузына стақанды тақай берді.

Ал Палкин шегіншектей берген Любаның шашынан ұстап, басын шалқайтқан күйінде, қыздың аузына ащы суды құйып жіберуге әрекеттенді. Еріндерін жымқырып, қарсылық танытқан қыздардың жағынан, екеуі ақылдасып алған-дай, бір мезгілде шапалақпен аямай тартып-тартып жіберді.

– Қарғыс атқырлар, бұл істеріңе әлі жауап бересіңдер! – деп жыламсырай айқайлаған Любаның қарсыласқанын шыбын шаққандай көрмеген Палкин қыздың білегінен қыса ұстаған күйі өзен жағасындағы шоқ талға қарай сүйрей жөнелді.

– Жауап береміз бе, бермейміз бе, оны көре жатармыз. Біздің жауап берер сәтімізді сендер көргенге шейін кім бар, кім жоқ...

Ғабдул – Сәбит ЮСУПОВ, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, Қаратал ауданының Құрметті азаматы

(Жалғасы бар)

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әділбаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағамбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадияр Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zankreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5610 дана
Апталық таралым 11 220 дана

Тапсырыс №70 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.	
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.	
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты та-лап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.	
Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтар-да Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.	
Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31	